



**Қарағанды облысы білім басқармасы
Қарағанды облысы білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы**

**«Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын
алу бойынша жұмысты ұйымдастыру»
әдістемелік нұсқаулығы**

Қарағанды 2015

УДК 343.121.5

ББК 67.408

О - 64

Идеяның авторы: *Аймағамбетов А.Қ., Қарағанды облысы Білім басқармасының басшысы*

Құрастырушылар:

Қожахметова Г.Ш., «Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры;

Куттыбаев Р.С., Қарағанды облысы ІІД Әкімшілік полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімі бастығы;

Копбаева Г.С., Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Бағрамова Г.Т., Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы ҚББ және ҰТИД бөлімінің әдіскері.

О-64 «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру: әдістемелік нұсқаулықтар.- Қарағанды: ҚО ББД ОӘО,2015.-76 б.

ISBN 978-601-7791-19-3

Әдістемелік ұсыныстарда білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесін ұйымдастыру бойынша материалдар берілген.

Осы құралдағы әдістемелік құралдар білім беру ұйымдарының басшыларына, директорлардың тәрбие ісі бойынша орынбасарларына, ұйымдастырушы педагогтерге, әлеуметтік педагогтерге, педагог – психологтерге, сынып жетекшілеріне және жасөспірімдер ісі бойынша инспекторларға ұсынылады. Берілген материалдар ұсыныстар ретінде. .

УДК 343.121.5

ББК 67.408

Қарағанды облысы ББД ОӘО әдістемелік кеңесінде ұсынылды
№ 6 хаттама , 11.11.2015 ж.

ISBN 978-601-7791-19-3

СОГЛАСОВАНО
Начальник Управления
административной
полиции ДВД
Карагандинской обл

Коваленко В.В.
«30» ноябрь 2015г.



СОГЛАСОВАНО
Директор
УМЦ РО КО

Кожухметова Г.Ш.
«30» ноябрь 2015г.



УТВЕРЖДАЮ
Руководитель
Управления образования
Карагандинской области

Аймагамбетов А.К.
«30» ноябрь 2015г.



Методические рекомендации
«Организация работы по профилактике правонарушений среди несовершеннолетних»

Караганда 2015

Мазмұны

1 БӨЛІМ

Кәмелетке томағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру

Жасөспірімдер мен балалардың психологиялық ерекшеліктері.....	6
Құқықтық күндер күнтізбесі.....	7
Құқықтық нормативтік қамтамасыз ету.....	8
Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор, директордың тәрбие ісі – жөніндегі орынбасары, психолог, әлеуметтік педагогтің бірлескен жұмысы.....	9
Мектептің «қиын балалармен» өткізілетін іс-шаралар тізімі.....	9

2 БӨЛІМ

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі қызметін ұйымдастыру

Қажетті құжаттар тізімі.....	10
Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы Ереже.....	11
Қарағанды облысы ПД Әкімшілік полиция басқармасы ювеналды полиция бөлімінің құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстары.....	14
Құқық бұзушылық алдын алу Кеңесіне шақырылған оқушы туралы ақпарат.....	16
Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі хаттамалары үлгілері.....	16
Рейд жүргізу карточкаларын толтыру үлгісі.....	18
Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың жай-күйі туралы ақпарат мониторингі.....	20
Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі мамандарының функционалдық міндеттері	21
Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінде қарауға ұсынылатын тақырыптар.....	24
Оқушыларды мектепшілік есепке қою немесе мектепшілік есептен шығару туралы ережелер.....	24
Жасөспірімді жеке зерттеу картасы.....	30
Мектепшілік есепке қою немесе есептен шығару туралы ата-анаға жіберілетін ескертпе-хабарламалар үлгісі.....	31
МІЕ тұрған оқушылармен жүргізілетін жеке жұмыс түрлері.....	31
Қарағанды облысы ПД Әкімшілік полиция басқармасы ювеналды полиция бөлімінің мектепшілік есепте тұрған оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру бойынша ұсынған материалдары.....	32
Жасөспірімдердің отбасылық тұрмыс – жағдайын зерттеу актісі.....	35
Мектепшілік есепте тұрған оқушының мінездемесі.....	36
Мектепшілік есепте тұрған оқушының жеке ісі.....	37
Кәмелетке толмағандар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықтың алдын алу бойынша рейдтерді өткізу ережесі.....	38
Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қараусыздықтың алдын алу Кеңесінің отырыстар кестесі.....	40

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жұмыс жоспары.....	41
Білім беру ұйымдарындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының жоспары	44

3 БӨЛІМ

Білім беру ұйымдарында жалпыға бірдей құқықтық оқытуды ұйымдастыру

Білім беру ұйымдарында жалпы құқықтық білім беру туралы Ереже.....	48
Полициямен бірлескен Отрядтың қызметі туралы ереже.....	50

4 БӨЛІМ

Қарағанды облысы білім беру ұйымдарында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысын тексеру бойынша жадынама.....	52
Қарағанды облысы ПД Әкімшілік полиция басқармасы ювеналды полиция бөлімінің оқушылар үшін ұсынған материалдары.....	53
Балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық орындардағы жүріс-тұрыс ережелері.....	55

5 БӨЛІМ

Білім беру ұйымдарындағы кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесінің қызметін нормативті-құқықтық қамтамасыз ету.....	56
Оқыту және тәрбиелеу міндеттеріне сәйкес келмейтін ақпараттар тарататын ғаламтор желісінің ресурстарын оқушыларға қолжетімсіз ету мақсатында білім беру ұйымдарында жасауға ұсынылатын шаралар.....	65

6 БӨЛІМ

Полицияның учаскелік инспекторлары жұмысын ұйымдастыру	
Глоссарий	65
Ұсынылған әдебиеттер тізімі.....	73
Қысқартулар тізімі	73

Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамды қалыптастыруда бастысы азаматтық пен құқықтық мәдениетті дамыту болып табылады. Бұл азаматтардың қоғам, ел өміріне сапалы түрде және өз бетімен қатысуын көздейді.

Оқушыларға құқықтық тәрбие беруді қамтамасыз ету мазмұнындағы құқықтық тәрбие, білім беру жүйесінің заманауи бөлігі және басым бағыты болып табылады.

Құқықтық білім беруді қалыптастырудың маңыздылығы қоғамда болып жатқан әлеуметтік үдерістердің жоғары динамизмі мен әлеуметтік – техникалық қажеттіліктердің жоғарылауымен ғана емес, ғылыми-техникалық өркендеу талаптарының жоғарылауымен де тығыз байланысты. Саяси өмірдің әртүрлі мәселелерін кәсіби, терең түрде түсіну үшін, заманауи қоғамның барлық салаларындағы динамикалық өзгерістерді анықтау үшін жақсы ойлау қабілеті, дүниетанымдық көзқарасқа сенімділік және жүйелі құқықтық ұстаным болуы қажет.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылдың 22 сәуіріндегі № 227 бұйрығы негізінде бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес тәрбие жұмысының басты бағыттарының бірі жас жеткіншектерге құқықтық тәрбие беру болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері

Құқықтық тәрбие беру орта және жоғары сынып оқушылары үшін өте маңызды. Жасөспірімдік кезең – бұл құқықтық тәрбиеге қалыптастырудың ең қолайлы кезеңі. Осы жастағы оқушылар құқық, еркіндік жөніндегі ақпараттарды және заңды толық түсіне алады. Құқықтық тәрбиенің мақсаты- мемлекеттің заңын құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу. Құқықтық тәрбиенің бастамасы оқушыларға терминдер мен ұғымдарды түсіндіру. Терминдік түсініктерді еркін меңгеру арқылы оқушы жауапкершілікті сезініп, іс - әрекеттің құқықтық жағын саралайтын болады.

Жасөспірімдік кезең – есею, жетілу, мүмкіншілік кезеңі. Бұл кезеңде өзгерістер, әсіресе өзара қарым – қатынастағы өзгерістер жедел түрде болады.

10 жас- балалардың алтын уақыты, бұл жастағы балалар өмірді жеңіл қабылдайды, сенгіш, ата- аналарына бірдей қарайды, өз түр – тұлғасына аса көп мән бермейді.

11 жастағы балаларда ағзаның қалыптасу кезеңі басталады, бала импульсивті болады, қарсылық әрекеттері байқалады, көңіл – күйі жиі ауысып тұрады, қатарлас балалармен келіспеушіліктер, ата –аналарына қарсы шығу байқалады.

12 жаста балалардың өмірге деген көзқарасы жақсарайды, олай болмаған жағдайда тәртібі нашарлайды, отбасында өзін – өзі билеуі артады, достарының әсері көп болады. Жасөспірім өзіне түр – тұлғасына мән бере бастайды. Ұлдардың немесе қыздардың мәселеріне қызығушылық таныта

бастайды. (Еркіндік іздейді, қатарластарымен және қыздар ұлдармен, ал ұлдар қыздармен қарым – қатынасты іздейді)

13 жаста ішкі ойлары пайда бола бастайды, өзінен мін іздеу, сынау пайда болып, сынға келгенде сезімтал болады, психологияға қызыға бастайды, ата – аналарына сыни көзқараспен қарайды, араласатын достарын да таңдайды (Жалғыздық тақырыбы, ішкі келіспеушіліктер, ата – аналарымен келіспеушіліктер, өзін басқалардан бөлек сезіну, жаңа ортада өзін жайсыз сезінуі).

14 жаста – интроверсия экстраверсияға ауысады, жасөспірім экспансивті болады, адамдармен жақсы қарым – қатынаста болуға ұмтылады, көпшіл болады, өзіне деген сенімділігі, адамдарға деген қызығушылығы артады, олардың әр түрлілігі қызықтырады. (Барлығына сыйластықпен қарайды, өзіне де, өзгеге де сыйластықпен қарауға талпынады)

15 жас- жаңа жоғары даму кезеңі:

- еркіндік сезімінің жоғарылауымен байланысты отбасында, мектепте жасөспірімнің күйгелектігі байқалады. Ең жағымдысы, өз еркімен жүруге талпыныс өзін-өзі басқарумен үндеседі және жасөспірімнің өзін – өзі тәрбиелеу санасының оянуы басты болып табылады. Бұл жасөспірімнің зиянды әсерлерге тез бейімделіп кету сезімталдығының күшеюіне, жаман әдеттерге үйір болуына алып келеді. Топтық қажеттілік пен топтық идентификация мөлшері артады (ең үлкен мәселелер: еркіндік іздеу, ата-аналарымен келіспеушіліктер, өзін іздеу, жалғыздық, жаман әдеттердің әсері, сәнге айналған дәстүрлі емес топтарға қатысу).

Жоғары сыныптағы жасөспірімдердің ар – намыс сезімдері алда тұрады, парыз, серіктестік, ғашықтық сезімдерге бой алу басым болады. Жасөспірімдер бір – біріне жоғары моральдік талаптар қояды. Бір-бірімен дос болуда сабақты жақсы оқу қасиеттері аса маңызды болмайды, тек адамгершілік қасиеттеріне көп мән береді: жолдастарын батылдығы, ерлігі, қиын сәттерде көмек көрсету т.б қасиеттеріне қарап бағалайды. Достық қарым-қатынас орнату қажеттілігі тән болады, яғни, достарымен әңгімелескенді ұнатады, достықты жоғары бағалайды және келіспеушіліктер болса соған қатты алаңдайды.

Жасөспірім жеке тұлға болып толық қалыптаспағандықтан және әлі қоғамдық ортада өз орнын таппағандықтан, осы кезеңде оқушыларға отбасы тарапынан, мектептен, қоғамнан әлеуметтік бақылауды күшейту керек. Өйткені, жасөспірімге ата – аналардың ықпалынан гөрі араласатын ортасының, топтардың ықпалы басымырақ болады және бұл-жасөспірімдерде қоғамға қарсы жат әрекеттерге бейім болу қылықтарының көбеюіне бірден-бір себеп болушы фактор.

Құқықтық күнтізбелік күндер

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні

4 маусым - Халықаралық агрессия құрбандарының күні.

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні

20 қараша – Бүкіл әлемдік балаларды қорғау күні
10 желтоқсан – Адам құқықтары күні

Құқықтық нормативтік қамтамасыз ету

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі қызметінің нормативтік базасын Қазақстан Республикасының төмендегідей стратегиялық құжаттары құрайды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылдың 30 тамызында республикалық референдумда қабылданды, өзгертулер мен толықтырулар 2011 ж. 2 ақпанында енгізілді);
2. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы кодексі № 518-IV 2011ж. 26 желтоқсан (өзгертулер мен толықтырулар 2014 ж. 17 қарашасында енгізілді);
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы № 319-III 2007 жылдың 27 шілдесінен (өзгертулер мен толықтырулар 13.11.2015 енгізілді);
4. «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» Қазақстан Республикасының заңы № 345-II 2002 ж. 8 тамыз, (өзгертулер мен толықтырулар 2014 ж. 29 желтоқсанында енгізілді);
5. «Діни қызмет пен діни бірлестіктер» туралы Қазақстан Республикасының № 483-IV ЗРК 2011 ж. 11 қарашасындағы заңы;
6. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» 2010 ж. 7 желтоқсанында ҚР Президентінің № 1118 жарлығымен бекітілген. (өзгертулер мен толықтырулар 2014 ж. 12 тамызында енгізілді);
7. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген ;
8. «Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы
9. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылдың 22 сәуіріндегі №227 бұйрығы негізіндегі «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері»;
10. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысымен мақұлданған;
- 11.Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 Бұйрығымен бекітілген;
- 12.Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы ҚР 2004 ж. 9 шілдесіндегі №591 заңы;
13. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсанындағы № 214 заңы.

14. «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы» Қарағанды облысы әкімдігінің 17.06.2015 ж. №33/01 Қаулысы;

15. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі

2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ ҚР Қылмыстық кодексі;

16. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-VҚРЗ Кодексі;

17. «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 маусымдағы №235-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексі;

18. Қазақстан Республикасының Білім беру министрлігі мен Юстиция министрлігімен бірлескен 1995 жылғы 14 маусымдағы №4/7 «Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында құқықтық тәрбие беру және құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы Ереже»

Ескерту: нормативтік-құқықтың құжаттарда өзгерістер мен толықтырулар болған жағдайда толықтырылып отырылуы керек.

Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагогтің бірлескен жұмыстары

Жұмыстың мазмұны

1. Оқушылардың сабаққа қатыспауын бақылап, жеке журналға тіркеу.
2. Оқушылармен жеке әңгімелер жүргізу.
3. Ата –аналармен жеке әңгімелер жүргізу.
4. Үйлерді аралау.
5. Психологиялық – педагогикалық кеңестер өткізу, аталған оқушылармен жұмыс жүргізу бойынша сынып жетекшілерімен консилиумдар өткізу.
6. Агрессия деңгейін төмендететін тренингтік сабақтар өткізу.
7. Келіспеушілік іс – әрекеттерін түзету тренингтік сабақтарын өткізу.
8. Аталған оқушыларды мектептің, сыныптың іс – шараларына қатыстыру, үйірмелерге, секцияларға тарту.

Мектептің «қиын» оқушылармен жүргізілетін іс – шаралар тізімі:

- Қараусыз жүретін бақылаусыз, педагогтердің назарынан тыс қалған балаларды анықтау.
- Балалардағы әлеуметтік – педагогикалық қараусыздықтың себептерін анықтау.
- Тәртібі қиын балалар туралы мәліметтер базасын жасау.
- «Қиын» оқушыларға құқықтық білім беру.
- Жасөспірімдердің отбасында және өз қатарластары арасында өзін – өзі ұстау туралы ережелер мен жадынамаларды жасап, қолдану.
- Тәртібі қиын оқушылардың ата –аналарына семинарлар өткізу.

- «Тәрбиесі қиын оқушылармен жұмыс», «Педагогикалық баса назар аударуды талап ететін қараусыз балалардың отбасымен жұмыс» тақырыптарында педагогикалық кеңестер өткізу.
- Балалар мен ата-аналарға арналған психологиялық кеңестер жүргізу.
- Педагогикалық –педагогтік концилиумдер ұйымдастыру.
- Ұжымдағы жасөспірімдердің сыныптастары арасындағы жай – күйін зерттеу (социометрия)
- «Қиын» балалармен жеке жұмыс жүргізу.
- Жеке тәлімгерлікті ұйымдастыру (әлеуметтік педагог, жоғары сынып оқушылары).
- Тәртібі қиын оқушыларды тәрбие орталықтарына, үйірмелерге, секцияларға тарту.
- Жазғы алаңдар мен туристік клубтарға баруын ұйымдастыру.
- Спорттық секциялардың жұмысын ұйымдастыру.
- «Балалардың бос уақытына арналған сабақтар», «Біз және балалар» және т.б. тақырыптарда дөңгелек үстелдер өткізу.
- «Қиын» оқушылармен ойын – жаттығуларын, ойын-тренингтер өткізу.

Педагогикалық көмекті ұйымдастыру:

1. Тәртібі қиын жасөспірімнің өзін тұлға ретінде қалыптастыру үшін жағдай жасау.
2. Білім алудағы кедергілерді жою.
3. Оқушылардың сыныптастарымен қарым – қатынасын түзеу.
4. Жетістікке талпыну үшін жағдай жасау, көтермелеу.

Медициналық көмекті ұйымдастыру:

1. Қалыпты күйден ауытқу жағдайларын қарау, психофизиологиялық және ашуланушылық сипаттың себептерін анықтау.
2. Темекі тартуға әдеттену, алкоголь және токсикологиялық өнімдерді пайдалануға қарсы үнемі ескертпелер жасау.
3. Жасөспірімдерге жыныстық тәрбие бағытында ақпарат беру.
4. Нашақорлықтың алдын алу, оқыту жұмыстарын жүргізу.

Психологиялық көмекті ұйымдастыру:

1. «Қиын» оқушыларды психологиялық тұрғыдан зерттеу, сабақтарға қатысу.
2. Отбасылық тәрбиедегі туындаған мәселелерді анықтау.
3. Ата – аналардың, ұстаздардың, оқушылардың психологиялық кеңес алуы.
4. Тәрбие құралы ретінде алынған тәрбие жұмыстарының тиімді жақтарын қарау.

«Қиын» оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру:

1. Оқушылардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін анықтау.
2. «Педагогтердің назарын талап ететін» қиын оқушыларды үйірмелерге, секцияларға, қоғамдық пайдалы жұмыстарға тарту.
3. «Педагогтердің назарын талап ететін» қиын оқушылардың тұрғылықты мекенжайында ресми емес бірлестіктерге қатысуын қадағалау және зерттеу.
4. «Педагогтардың назарын талап ететін» қиын оқушылардың техникалық шығармашылығын, спорттық секцияларға қатысуын, үйірмелерге қатысу кезінде кез-келген жетістіктерін марапаттау.

2 БӨЛІМ

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі қызметін ұйымдастыру. Қажетті құжаттар тізімі:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі Ережесі.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесін құру туралы бұйрық.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің оқу жылына арналған жұмыс жоспары.
4. Мектепшілік есепке алу және тіркеуден шығару туралы ереже.
5. Мектепшілік есепке қою туралы ескертпе-хабарламалар.
6. Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың тізімі.
7. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің хаттамалары.
8. Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың мінездемелері.
9. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі қызметінің сараптамасы (жылдық).
10. Жасөспірімдер арасында қаңғыбастылықтың пайда болуы және құқықбұзушылыққа әкелуші себептерді анықтау, құқықбұзушылық пен қылмыс жасаудың жай-күйін саралау-талдау мониторингі.

Педагогикалық кеңесте немесе
директор жанындағы отырыста
қаралады
Хаттама № _____ 20_____

Бекітіледі
мектеп директоры

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы Ереже. Жалпы ережелер

- 1.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналардың (заңды тұлғалардың), қоғамдық ұйымдардың қызметін біріктіреді.
- 1.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі өз жұмысын Қазақстан Республикасы заңнамалары негізінде іске асырады.
- 2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің құрылымы мен ұйымдастыру жұмыстары.**
 - 2.1. Мектептің құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің құрамы:
 - а) Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі төрағасы (төрайымы) - мектеп директоры;
 - б) Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің хатшысы;
 - в) Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің мүшелері: мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар, жоғары сынып оқушылары, мектеп инспекторы.
 - 2.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысында шақыру бойынша ІІБ инспекторы, дәрігерлер, жергілікті әкімшілік қызметкерлері қатыса алады.

2.3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысына кеңес төрағасы – мектеп директоры басшылық етеді.

2.4. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысы айына бір рет өткізіледі.

2.5. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі шешімі көпшілік дауысымен қабылданады.

2.6. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырысы, барысы мен қабылданған шешімдері хаттамаланады.

2.7. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі мүшелерінің сандық және сапалық құрамы жыл сайын педагогикалық кеңесте қаралып, мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі принциптері, мақсаттары мен міндеттері:

3.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің қызметі төмендегі принциптерге негізделген :

- заңдылық, демократия және кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау;

- кәмелетке толмағандар мен олардың отбасыларына жеке қарым-қатынас;

- алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау.

3.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі - алқалы орган болып табылады, оның мақсаты жоспарлау, әлеуметтік қауіпті жағдаяттардың (баланың қадағалаусыз қалуының, құқық бұзушылықтың, қоғамға жат іс-әрекеттер) алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру және орындалысын бақылау болып табылады.

3.3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуына, қылмыс жасауына, құқық бұзуына, қоғамға қарсы іс-әрекет жасауына себеп болған жағдайларды анықтау және жою;

- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

- әлеуметтік қиын жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оналту;

- кәмелетке толмағандардың қылмыстық және қоғамға қарсы істерге қатысуын анықтау және жолын кесу;

4. Арнайы, жеке алдын алу жұмыстарын жүргізетін тұлғалар тобы:

4.1. Кеңес кәмелетке толмағандардың төмендегідей санаттары үшін жеке алдын алу іс-шараларын ұйымдастырады және жүзеге асырады: қаңғыбастыққа бейім, баспанасыздық, қадағалаусыз, есірткі пайдаланушылар, қоғамға қарсы іс-әрекеттері үшін ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрғандар, мектеп Жарғысын бұзушылар.

4.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдармен кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту мәселелері жөнінде жоғарыда аталғандар өз міндеттерін дұрыс ақтармаған жағдайда жекелеген жұмыстар ұйымдастырып, жүргізеді. Дәл осындай жұмыс, ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар кәмелетке толмағандардың мінез-құлқына теріс әсер еткен жағдайда немесе оларға қатыгездік көрсеткен жағдайда да жүзеге асырылады.

5. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысының түрлері мен мазмұны

5.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі аналитикалық қызметті қамтамасыз етеді; мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы бойынша қызметі жағдайын зерттейді; оқушылардағы тәрбиелік және құқық бұзушылықтың деңгейін тексереді; мектептің алдын алу қызметі деңгейін зерттейді, өткізілетін іс-шаралардың тиімділігін, оқушылардағы қоғамға қарсы мінез-құлық салдары мен себептерін зерттейді әрі девиантты балаларды анықтайды.

5.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі оқушылар арасындағы құқық бұзушылықты айқындайды; қоғамға қарсы мінез-құлықты оқушылардың жеке істерін қарайды, олармен жеке жұмыс жоспарын құрып, мектеп директорына бекітуге береді; қажет болған жағдайда оқушыны немесе оның ата-анасын мамандар кеңесіне жолдайды (психолог, дефектолог, әлеуметтік қызметкер т.б.), ондай мінез-құлықты оқушыларды мектепшілік тізімге тұрғызу, одан шығару жұмыстарын жүргізеді; балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарына тартады; тізімде тұрған оқушыларды мектептегі, қаладағы әр түрлі жұмыс істейтін еңбек бірлестіктеріне, жазғы сауықтыру компанияларына, үйірмелерге, ұжымдық жұмыстарға тартады; қолайсыз отбасылармен профилактикалық жұмысты жүзеге асырады; өз отырыстарында тізімде тұрған оқушылар туралы сынып жетекшілерінің, жеке жұмысты жүргізуге қатысы бар басқа да педагогикалық қызметкерлердің есебін тыңдайды, басқа да осы оқушылармен жасалатын жұмыстар мерзімін анықтайды.

5.3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі ұйымдастыру қызметін жүзеге асырады; балаларды тәрбиелеу бойынша өз міндеттерін дұрыс атқармайтын ата-аналар жайлы тиісті ұйымдарға сұраныстар жолдайды, ҚР «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және олардың құқығын қорғау, балалар қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу» туралы Заңына сәйкес қаулылар қабылдап, комиссия алдында тәртібі түзелген оқушылардың тізімнен мерзімінен бұрын шығарылуы туралы ұсыныстар жасайды.

6. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құқықтары мен міндеттері.

6.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі міндетті:

- өз міндеттерін ПБ бірлесе отырып атқаруға;
- мектепте оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс тиімділігін арттыруға;
- «тәуекел тобындағы» оқушылармен жеке дара алдын алу жұмыстарын жүргізуге;
- оқушылардың жеке істерін қарау бойынша өткізілетін Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырыстарына ата-аналарды немесе олардың орнындағы адамдарды шақыруға;
- мұғалімдер ұжымы мен ата-аналар үшін кеңестік- ақпараттық қызмет көрсетуге;
- қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалауға;
- Кеңес жұмысына талдау жасап, жылына бір рет педагогикалық кеңесте есеп беруге.

6.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құқылы:

- мұғалімдер мен ата-аналар үшін жеке және ұжымдық түрде жасөспірімдер мінез-құлық туралы ұсыныстар беруге және олармен алдын алу жұмыстарын жүргізуге;
- ата-аналар жиналыстарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық жайлы талқылауға ақпарат беруге;
- аудандық, қалалық жасөспірімдер ісі мен олардың заңды құқығын қорғау бойынша комиссия алдында оқушылар мен ата-аналарына немесе олардың заңды тұлғаларына қатысты заңмен белгіленген қатынастар негізінде тиісті шаралар қолдану туралы хаттар, сұраныстар жіберуге.

7. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құжаттары:

- 7.1. Мектеп бойынша Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесін құру жөніндегі бұйрық;
- 7.2. Кеңес материалдары, отырыстар хаттамалары;
- 7.3. Мектепшілік есепте, ПБ тізімінде тұрған оқушылар тізімдері. Бұл тізімдер жыл сайын тексеріліп, салыстырылып, жаңартылып тұрады.
- 7.4. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесіне ұсынылған материалдар;

Алдын алу Кеңесі отырысының хаттамалары: (білім беру ұйымдарында хаттамаларды рәсімдеуде екі нұсқа ұсынылады)

1. Хаттамалар дәптерге, қолмен толтырылады. Дәптер беттері нөмірленіп, тігіліп, мектеп директоры қолымен бекітіледі, мөр қойылады. Сыртқы бетінде қай кезде жүргізіле басталған күні жазылады.
2. Әр хаттама компьютерде теріліп, іс папкасына жинақталады, жыл аяғында барлық хаттамалар нөмірленіп, тігіледі де, директордың қолымен, мөрмен бекітіледі.

8. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысының регламенті.

8.1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі айына 1 рет шақырылады. (шұғыл жағдайлардан басқа).

8.2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырыстары хаттамаланып, Кеңесте қаралған құжаттар жүйеленіп, 5 жыл сақталады.

Қарағанды облысы Ішкі істер департаменті әкімшілік полиция Басқармасының ювеналды полиция бөлімінің құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстары.

Сот практикасы көрсеткендей, кейбір жасөспірімдер ғана (аса ауыр қылмыс істегені үшін) бостандықтан айырып, түрмелерге жіберу арқылы қоғамнан аластатылады. Ал қалғандарының бостандығын шектеу тек шартты түрде кесіліп сотталғанмен, сол тұлғалар әдетте сол заңға қарсы әрекеттерін тоқтатпайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес 16 жасқа дейінгі тұлғалармен жасалған қылмыстар қылмыс құрамының жоқтығына байланысты тоқтатылады, яғни, қалпына келтіру негіздеріне байланысты.

Нәтижесінде жыл сайын жасөспірімдер арасында қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтын қылмыс жасаушы жастағы балалар саны көбеюде. Осы балалар жасөспірім кезеңде өзінің айналасындағы басқа жасөспірімдерге кері әсерін тигізетіндігі сөзсіз.

Сондықтан да қылмыс немесе құқық бұзушылық жасаған, бірақ қылмыстық жауапкершіліктен босатылған жасөспірімге психологиялық әсер етудің бірден бір құралы- оқу орнындағы құқық бұзушылық Кеңесінде оның ісін қарау.

Осы мақсаттағы жұмыстың тиімділін, нәтижелілігін арттыру мақсатында жасөспірім мен оның ата-анасы (занды тұлғасы) жасалған құқықбұзушылықты және оның салдарын жете түсіну үшін құқықбұзушылық Кеңесі отырыстарын келесі үлгіде өткізу қажет:

- құқық бұзушының ата-анасымен бірге болуын қамтамасыз ету;
- кеңесте сыныптастарын, топтастарын және басқа да оқушылардың болуын қамтамасыз ету;
- педагогикалық ұжым және оқу орнының әкімшілігі;
- ата-аналар комитетінің, кәмелетке толмағандар ісі мен олардың заңды құқығын қорғау бойынша комиссияның өкілдерін Кеңеске шақыру;
- жасөспірімдер ісі бойынша полиция инспекторын шақыру(міндетті түрде).

Отырыс барысында келесі сұрақтарды қарау қажет:

-аудандағы криминалдық-қылмыстық жағдай туралы қысқа бағалаушы ақпарат беру;

-жасалған құқық бұзушылық фактісі туралы, заңға сәйкес сол жасалған құқық бұзушылық үшін қолданылатын жауапкершілік шаралары туралы айту және қылмыс бойынша қабылданған процессуалдық шешімге қарамастан, осы факт туралы ақпарат полиция базасында барлық жылдар бойы сақталатындығын түсіндіру қажет. Бұл, әрине, келешекте жасөспірімнің жоғары оқу орнына түсерде, жұмыс орнын тандарда т.б. жағдайларда өзіне кері әсерін тигізетінін білдіреді.

-оқу орны өкілінің (сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог), ювеналды полиция инспекторының құқық бұзушыға қатысты мінездемесімен сөйлеген сөздері;

-осы жасалған құқық бұзушылық бойынша сол құқық бұзушының өз сөзін тыңдау, не үшін, не себепті жасағанын, осы әрекетке баруға оны не итермелегенін сұрап, анықтау және тыңдау;

-осы факт бойынша ата-анасының балаға қатысты, тәрбиелеуге байланысты сөздерін тыңдау;

-осындай фактілерге байланысты сыныптастарының, топтастарының пікірін тыңдау, қайта тәрбиелеуге сыныптасының түзелуіне көмек көрсетуге ықпалын тигізу;

-ата-аналар комитетінің, жасөспірімдер ісі және оның заңды құқығын қорғау комиссиясы өкілдерінің сөзі;

-құқық бұзушылық Кеңесінің шешімдерінде нақты, практикалық жұмыстар қабылдануы қажет (жасөспірімді есепке қою, ата-аналарын әкімшілік жауапкершілікке тарту, әрі қарай істі жасөспірімдер ісі және оның заңды құқығын қорғау комиссиясына қарауға жіберу, жасөспірімді арнайы мектептерге жіберу туралы, ата-аналық құқықтан айыру туралы сұраныстар жасау, хаттар жіберу және т.б.)

Кеңес отырысына шақырылған оқушы туралы ақпарат

1. ТАӘ _____

2. Туған жылы _____

3. Сынып _____

4. Ата-анасының аты-жөндері _____

5. Ата-аналарының қызметі _____

6. Отбасы құрамы _____

7. Кеңес отырысына нешінші рет шақырылып тұр? _____

8. Кеңес отырысына шақырылу себебі _____

9. Тәртібі _____

10. Оқушымен және оның ата-анасымен жүргізілген жұмыстар

11. Сынып жетекшісінің ұсынысы _____

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің шешімі _____

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысының хаттамаларын жүргізу үлгілері.

Мектептің аты

Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысының

№ _____ хаттамасы «__» _____ 20__ ж.

Қатысқандар –

Төрағасы (төрайымы):

Хатшы:

Кеңес мүшелері:

Күн тәртібі:

1. 20__-20__ оқу жылына құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жұмысын ұйымдастыру.
2. 20__20__ оқу жылына құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.
3. ЖІЖК бірлескен жұмыс жоспарын бекту.
4. Мектепшілік бақылауға қою туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші сұрақ бойынша мектептің әлеуметтік педагогі (аты, жөні) – құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 20__-20__ оқу жылындағы жұмысын ұйымдастыру. (Ережелері қоса берілген)

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Мектеп директоры (аты - жөні) - Кеңес жұмысын ұйымдастыру туралы.

ШЕШІМ:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысы

ТЫҢДАЛДЫ:

2. Екінші сұрақ бойынша мектептің әлеуметтік педагогі (аты, жөні) – құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің _____ айына жұмыс жоспары жөнінде. (Жоспар қоса берілген)

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

- 1.
- 2.

ШЕШІМ:

1. 20__-20__ оқу жылына құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Жұмыстың орындалуын бақылау әлеуметтік педагогке жүктелсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Үшінші сұрақ бойынша бойынша мектептің әлеуметтік педагогі (аты, жөні) – мектептің ішкі істер бөлімдерімен бірлесіп жұмыс жасауы туралы. (Жоспар қоса берілген)

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

- 1.
- 2.

ШЕШІМ:

1. Бірлескен жұмыс жоспары бекітілсін. Жұмыстың орындалуын бақылау әлеуметтік педагогке жүктелсін.

Төраға:

Хатшы:

**Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысының
№__ хаттамасы**

«__» _____ 20__ ж.

Білім беру ұйымының аты

Төрағасы (төрайымы):

Хатшы:

Қатысқандар:

Кеңес мүшелері:

Мұғалімдер:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 1-11 сынып оқушыларының 20__-оқу жылының _____ айында сабаққа қатысуын талдау.
2. Оқу тәртібін бұзушыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы.
3. Мектепшілік есепте тұрған оқушылар ісін қарау.
4. Құқықтық жалпы білім _____

БАҚЫЛАУ:

Мектепшілік есепте тұрған оқушылар:

1. ____сынып оқушысы (аты-жөні) сабақ босатпайды, бірақ мектеп тәртібін жиі бұзады.
2. _____ (оқушының аты-жөні)

-
1. 1-11 сынып оқушыларының 20__-оқу жылының _____ айында сабаққа қатысуын талдау.
 2. Бірінші сұрақ бойынша 1-11 сынып жетекшілері оқушылардың 20__-оқу жылының _____ айында сабаққа қатысуына талдау жасады.

Сыныптар бойынша сабаққа қатысу көрсеткіштері қанағаттанарлық. Жекелеген оқушылар заңды себептермен сабақ босатты (ауырғаны туралы анықтама, ата-аналарының түсініктемелері).

Екінші сұрақ бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары _____ тыңдадық, ол кісі өз сөзінде Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі мүшелерін сынып жетекшілерінің оқушылардың үстінен түсірген шағымдарымен таныстырды.

1. _____ сынып оқушысы (оқушының аты-жөні, туған жылы, айы, мекен жайы) сабақты себепсіз жиі босатады, сабақтан сұранбай кетіп қалады, үй тапсырмасын орындамайды, сабаққа мүлдем дайындықсыз келеді, оқу құралдарын мүлдем әкелмейді. Сабақ үстінде басқа шаруамен айналысып, өзгелерге кедергі келтіреді.

3. Құқықтық жалпы білім. Бала құқығы Конвенциясы.

Үшінші сұрақ бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары _____ тыңдадық, Кеңес мүшелері бала құқығы Конвенциясының 9,19,37,39 баптарымен танысты.

ШЕШІМ:

1. Сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысуын _____ қатаң бақылауды қамтамасыз етсін.

2. _____ сынып оқушысы _____ (аты-жөні) _____ сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, психолог, ата-анасы тарапынан қатаң бақылауға алынсын. Ата-анасы құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысының хаттамасымен таныстырылсын.

3. _____ сынып оқушысы _____ (аты-жөні) _____ сынып жетекшісі тарапынан қатаң бақылауға алынып, әңгіме өткізілсін.

4. Оқытушылар арасында құқықтық жалпы білім жұмысы жалғастырылсын.

Төраға (төрайым)

Хатшы

Рейд жүргізу карточкаларын толтыру үлгісі.

РЕЙДТІК КАРТА

1.Тексерушілердің ТАӘ

2. Тексерілетін оқушының (педагогикалық назарды ерекше талап ететін, қолайсыз отбасыдан шыққан жасөспірімнің) аты-жөні, сыныбы

3.Рейд қашан өтті_____Тексеріс уақыты _____

4. Тұрғылықты мекенжайы_____

5. Отбасы құрамы

6.Тексеріс уақытындағы жағдай_____

7.Тексеріс уақытында жасөспірім қайда болды_____

8.Жасөспірім мен ата-анасының өзара түсінуі

9. Жасөспірім ересектердің бақылауынсыз қанша уақыт өткізеді

10.Жасөспірім бос уақытында немен айналысады_____

11. Тексерушілердің қорытындылары_____

20__ ж. «__» _____

қолдар

**РЕЙДТІК КАРТАНЫҢ СЫРТ ЖАҒЫ.
РАСТАУ.**

Мен, _____, тұрғылықты мекен-жайым

_____ (Көршінің ТАӘ)

мектеп педагогтерінің _____ отбасына келгенін, үйде ешкімнің болмағанын *растаймын*.

_____ (күні, уақыты)

_____ (Қолы)

**201_____ жылдың _____ айында
№__ ЖББМ бойынша
кәмелетке толмағандар арасында
қылмыс пен құқық бұзушылықтың жай-күйі туралы ақпарат
МОНИТОРИНГІ**

№.	Білім беру ұйымының атауы	
1.	Қолайсыз отбасылардың саны	10
	ондағы кәмелетке толмаған балалар саны	16
2	Қаңғыбастылыққа бейім оқушылардың саны	0
3	ІІБ тіркеуінде тұрған оқушылардың саны	0
4	Мектепшілік бақылауда тұрған оқушылардың саны	7
5	Аудан/қала әкімі жанындағы КТІ және ОҚҚ комиссиясында қарастырылған материалдардың саны	-
6	Қылмыс жасаған оқушылардың саны	-
7	Құқық бұзушылық жасаған оқушылардың саны	-
8	Мұғалімдер қанша рейд өткізді, оның ішінде:	
	айына:	15
	жылына:	28
9	ІІБ инспекторы қанша рейд өткізді, оның ішінде:	
	айына:	1
	жылына:	1
	рейдтерде анықталған кәмелетке толмағандардың саны:	-
	айына:	0
	жылына:	0
	рейдтерде анықталған қолайсыз отбасылардың саны:	-
	айына:	
	жылына:	

10	Құқықтық білім бойынша барлығы қанша дәріс оқылды: айына: жылына:	1 5
	Соның ішінде мұғалімдер өткізді: айына: жылына:	3 7
	прокуратура қызметкерлері, айына: жылына:	- - -
	құқық қорғау органдары, айына: жылына:	- 1 1
11	Құқық бұзушылықтарды алдын алу бойынша қанша Кеңес өткізілді айына: жылына:	1 6
	қанша іс қаралды айына: жылына:	15 28
	қаншасы қайта қаралды (бақылау) айына: жылына:	- 1 1
12	Қанша үйірме жұмыс жасайды	6
	ондағы балалар саны	200
	оның ішінде қиын балалар	0
13	Қанша спорт секциялары жұмыс жасайды	3
	ондағы балалар саны	60
	оның ішінде қиын балалар	1
14	Қамқорлықтағы балалардың саны	8

Мектеп директоры

АЖТ

орынд. әлеуметтік педагог
А.Ж.Т.
Телефоны

Құқық бұзушылық Кеңесі мамандарының функционалдық міндеттері:

Білім беру ұйымы директорының орынбасары:

- оқу жылы бойы жүргізілетін алдын алу Кеңесінің құжаттамасын бақылайды;
- педагогтерге – құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің мүшелеріне қажетті әдістемелік көмекті көрсетеді;
- қараусыздық пен құқық бұзушылықтарды алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастырады;

- превентивтік білім беру бағдарламаларының енгізілуін бақылайды және таңдалған бағдарлама бойынша жұмысты қадағалайды;
- оқушылардың демалысын және балаларға арналған қосымша білім беруді (үйірмелік жұмысты) ұйымдастырады;
- «тәуекел тобы» (педагогтердің аса назар аударуын талап ететін оқушылар) деректерінің базасы бойынша жұмысты қадағалайды.

Мұғалімдер:

- талқыланатын мәселелерге деген педагогикалық көзқарасты қалыптастырады;
- «тәуекел тобы» оқушыларының деректер базасын құруға қатысады, мінездемелер береді;
- превентивтік оқыту бағдарламаларын іске асыруға белсене қатысады;
- қараусыздық пен құқық бұзушылықтарды алдын алуға бағытталған шараларды өткізуге қолдан келер барлық көмегін көрсетеді.

Педагог-психолог:

- превентивтік психология саласында психологиялық-педагогикалық білімді насихаттау бойынша жұмысты жүргізеді;
- отбасыға кешенді көмек көрсетпес бұрын, сондай-ақ қол жеткізілген нәтижені қадағалау мақсатында өткізілген жұмыстан кейін психологиялық диагностиканы жүзеге асырады;
- оқушыларға, ата-аналарға консультациялық көмек көрсетеді;
- мекеменің әлеуметтік ортасын үйлестіруге қолғабыс етеді және әлеуметтік бейімделмеушіліктің орын алуын алдын алу бойынша превентивтік шараларды жүзеге асырады;
- «тәуекел тобы» оқушылары тұлғаларының дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтайды және әр түрлі психологиялық көмек түрлерін (психологиялық түзету, оңалту және консультациялық) көрсету бойынша шаралар қолданады;
- әкімшілік пен педагогтерге әр түрлі психологиялық мәселелер бойынша кеңестер береді;
- педагогтермен, ата-аналармен және оқушылармен әр түрлі алдын алу жұмыстарының өткізілуін қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік педагог:

- «тәуекел тобы» оқушыларының тұлғасының психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның микроортасын, өмір жағдайларын зерделейді;
- «қауіп-қатер» деректер базасын жаңа деректермен толықтырып қамтамасыз етеді (жаңа деректер болған жағдайда);
- тәуекел тобы оқушыларының қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, қиыншылықтары мен мәселелерін, қақтығыс жағдайларын, ауытқушылықтарын анықтайды және оларға уақытында әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді;

- «тәуекел тобы» оқушылары мен мектеп, отбасы, орта, әр түрлі әлеуметтік қызмет, мекемелер мен әкімшілік органдардың мамандары арасында делдал ретінде әрекет етеді;
- құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмыс жасайтын отбасылардың әлеуметтік жағдайларын қадағалайды.
- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге бағыттап жіберуге немесе кәмелетке толмағандарға қамқоршы тағайындауды рәсімдеуге жағдай жасайды ;
- Ішкі істер бөлімін, қамқоршылық және қорғау ұйымдарына бақылаусыздық, қаңғыбастылық, құқық бұзушылық және қоғамға қарсы әрекеттері үшін кәмелетке толмағандар туралы ақпарат немесе осының туындауының шығу себептері туралы мәліметтер береді; тәрбие беру, оқыту және (немесе) кәмелетке толмаған балаларды қамтамасыз ету бойынша өз міндеттерін орындамайтын немесе толық орындамайтын (немесе тәрбиелеушісінің жүріс-тұрысына кері әсерін тигізетін) ата-аналар, басқа да заңды тұлғалары туралы ақпараттар береді;
- кәмелетке толмағандар, олардың ата-аналары және басқа да заңды тұлғалары арасында құқықтық тәрбие беру бойынша жұмыстар, дәрістер, әңгімелер жүргізеді, сонымен бірге дөңгелек үстелдер мен конференцияларға қатысады;
- ай сайын Ішкі істер бөлімімен кәмелетке толмағандар ісі бойынша, білім беру ұйымдарына себепсіз келмеушілер туралы, басқа да мектепшілік есепте тұрған оқушылар бойынша тізіммен салыстыру, сәйкестендіру жұмыстарын жүргізеді;

Қатысады және қамтамасыз етеді:

- рейдтер жүргізу және білім беру ұйымдарына себепсіз келмейтін балалар мен жасөспірімдерді анықтау бойынша басқа да шараларға;
- жағдайсыз және аз қамтылған отбасы балаларының, сонымен бірге мектепшілік есепте тұрған кәмелетке толмағандардың тұрмыстық жағдайын зерттеуге ;
- құқық қорғаушылық бағыттағы балалар қозғалысы қызметін ұйымдастыруға;
- сабақтан тыс уақытта жасөспірімдердің толық қамтамасыз етілуі бойынша ұсыныстар жасайды;
- кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқығын қорғау комиссиясына девиантты балаларды арнайы мектеп-интернаттарға жіберіп, бағыттауға байланысты және ата-аналық құқықтан айыруға қажетті материалдарды жинақтауға.

Медициналық қызметкер:

- оқушылар мен олардың ата-аналары арасында медициналық білім базасын кеңейтеді;
- тәуекел тобы оқушыларының денсаулығының жай-күйі туралы деректерді ұсынады.

Құқық қорғау органдарының өкілі:

- оқушылар, ата-аналар, сондай-ақ педагогтер арасында заңгерлік білім базасын кеңейтеді;
- «тәуекел тобы» оқушыларымен белсене жұмыс жүргізеді;
- құқық бұзушылықтарды алдын алуға бағытталған кездесулерді, сабақтарды өткізеді;
- әлеуметтік педагогпен бірге «тәуекел тобы» оқушыларының отбасыларына рейдтер жасайды.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу Кеңестеріндегі қарауға ұсынылатын тақырыптар:

1. Ата-аналардың балаларға қатысты құқыққа қарсы әрекеттері үшін жауапкершілігі;
2. 14-жасқа толған кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі;
3. Бала ұрлығы: мәселені шешу жолдары;
4. Балаларға қатыгез қарым-қатынас үшін жауапкершілік;
5. Балалар агрессиясы, оның себептері мен салдары;
6. Әлеуметтік нормалар және бейәлеуметтік мінез-құлық (қылмыс, нашакорлық, маскүнемдік);
7. Тұлғаның қоғамдық және құқықтық жағдайы (Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары, бостандығы мен міндеттері);
8. Қылмыстық құқық. Қылмыс үшін жауапкершілік.
9. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері.
10. Ішімдік өнімдері мен есірткі заттарын қолдану үшін жауапкершілік.

Педагогикалық кеңесте немесе
директордың қатысуымен өткен
кеңесте қаралады

Мектеп директоры
бекітеді

201_ ж. «__» ____ №____ хаттама

Оқушыларды мектепшілік есепке қою және мектепшілік есептен шығару туралы ереже

I. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже балалар мен жасөспірімдердің бейәлеуметтік жүріс-тұрыстарының алдын алу бойынша шаралар кешенін жүзеге асырады, білім беру ұйымдарында әлеуметтік қауіпті жағдайдағы және жеке жұмыс жасауды талап ететін оқушыларды ішкі есепке тұрғызу ережесін реттейді.

1.2. Мектепшілік есепте көрсетілген топтардағы оқушыларды ерте кезеңде анықтау және оларға жеке алдын алу (түзету) көмегін көрсету мақсатында жүргізіледі.

1.3. Мектепшілік есепке алу жұмысының мақсаты - алдын алу жұмысы сапасын жақсартуға қажетті барлық тиімді объективті жағдайларды жасау, білім беру ұйымдарында білім алушыларды әлеуметтік және құқықтық қорғау.

1.4. Осы ереже білім алушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережесін реттейді.

II. Негізгі мақсаттары мен міндеттері

2.1 Мектепшілік есеп мектепшілік бейімделмеуді, оқушылардағы бейәлеуметтік жүріс-тұрысты ерте кезеңде диагностикалау, білім алушыларды бақылау және оларға уақытында әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету үшін жүргізіледі.

2.2 Негізгі міндеттері:

- кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы іс-әрекеттерінің, құқық бұзушылық, бақылаусыздық, қаңғыбастылықтың алдын алу, ескерту;
- кәмелетке толмағандардың заңды құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауды қамтамасыз ету;
- әлеуметтік қауіпті жағдайда тұрған немесе әлеуметтік жетімдік бойынша тәуекел топтағы балаларды дер кезінде анықтау;
- сабақ оқуға ынтасы жоқ, тәртібінде ауытқулары бар жасөспірімдерге әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық көмек көрсету, қолдау;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда отбасыларға мекенжайлық жеке көмек көрсету.

III. Мектепшілік есепке қою және тіркеуден шығару қызметін ұйымдастыру

3.1. Мектепшілік есепке қою және тіркеуден шығару туралы шешім құқықбұзушылық Кеңестің отырыстарында қабылданады.

3.2. Мектепшілік есепке қою және тіркеуден шығару сынып жетекшісінің, әлеуметтік педагогтың, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының пікірі, айтуы бойынша жүзеге асады. (1 қосымша)

3.3. Кәмелетке толмаған тұлғаны мектепшілік есепке қою үшін құқық бұзушылық Кеңесінің отырысы болардан 3 күн бұрын директордың тәрбие ісі бойынша орынбасарына келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) Кәмелетке толмаған тұлғаға мінездеме.
- 2) Сынып жетекшісінің алдын алу жұмысы бойынша жасөспіріммен және оның ата-анасымен (заңды тұлғасымен) жүргізген жұмысы туралы анықтама.
- 3) Отбасының тұрмыстық жағдайын тексеру актісі (қажетіне байланысты).
- 4) Көмек көрсетуін өтінген жасөспірімнің ата-анасының (заңды тұлғасының) өтініші.

3.4. Құқық бұзушылық Кеңесінің отырысында жасөспіріммен және оның ата-анасымен жүргізілетін жұмыстар жоспары талқыланады және бекітіледі,

жоспарланған шараларды орындау мерзімін белгілейді әрі жауапты тұлғалар тағайындалады.

3.5. Сынып жетекшісі құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырысына жасөспірімді мектепшілік есепке қою туралы ескерту үшін ата-анасын отырысқа шақырады, сонымен бірге егер кейбір себептермен отырысқа келе алмаған ата-аналар болса, Кеңес отырысының шешімдері туралы жасөспірімнің ата-анасын ақпараттандырады, яғни, ресми қағазбен отырыс хаттамасының нөмірі, өткізілген күні, мектепшілік есепке тіркеу себептері немесе мектепшілік есептен шығару туралы жазылған ескертпе-хабарлама жібереді.

3.6. Әлеуметтік педагог мектепшілік есепте, ПБ есепте тұрған оқушылар туралы мәліметтер базасын жасайды және жүргізеді.

3.7. Әлеуметтік педагог ай сайын мектепшілік есепте, ПБ есепте тұрған оқушылар тізіміне салыстыру жүргізеді, толықтырады немесе азайтады.

3.8. Кәмелетке толмағанды мектепшілік есептен шығару үшін құқық бұзушылық Кеңесімен тағайындалған жауапты тұлға жасөспіріммен және оның ата-анасымен жүргізілген шаралар туралы, міндетті түрде оның нәтижесі туралы, басқа да ұсыныстарымен ақпарат береді.

3.9. Жасөспірімді педагогикалық қолдау, психологиялық-әлеуметтік көмек көрсету мақсатында жүргізілетін мектепшілік есепке қоярда мектеп директорының бұйрығымен педагогтар ұжымынан жауапты тұлға тәлімгер тағайындалады. Тәлімгер білім алушыны мектепшілік есептен шығарғанға дейін онымен жұмыс жоспарын құрады, оқушымен жасаған алдын алу, атқарылған жұмыстары туралы Кеңес отырыстарында есептер жасайды (қажетіне байланысты).

IV. Мектепшілік есепке қою негіздері

Мектепшілік есепке қоюға негіз болып табылады:

- сабаққа қатыспау немесе жүйелі түрде себепсіз сабақты босататындар (5-7 күн);
- қауіпті әлеуметтік жағдайдағы балалар: қаңғыбастылық, бақылаусыздық, қадағалаусыздық, қайыр сұрау;
- психоактивті заттарды, есірткі құралдарын пайдалану, спирттік ішімдіктерді қолдану, темекі шегу;
- бейресми бірлестіктерге, қоғамқа қарсы бағыттағы ұйымдарға қатысу, деструктивті діни ұйымдарға бару;
- әкімшілік құқық бұзушылық;
- мектептің ішкі тәртіп Ережесін жүйелі бұзу (үнемі үй тапсырмасын орындамау, сабақта жұмыс істеуден бас тарту, оқу құралдарының, дәптер,

кітаптарының болмауы, сабақтағы тәртіпсіздік, төбелес, дөрекілік көрсету, әдепсіз сөздер айту және т.б.);

-кәмелетке толмаған ІІБ есепте тұрған жағдайда.

V. Мектепшілік есептен шығару негіздері

5.1. Жасөспірімнің тәртібінің түзелуі, жасөспірімде бірнеше уақытқа созылған (кем дегенде 3 ай) жағымды өзгерістердің болуы, өмір жағдайының жақсаруы. Сонымен бірге жасөспірім келесі себептермен есептен шығарылады:

-оқу орнының ауысуы, мектептен шығу немесе мектепті аяқтау;

-тұрғылықты жерінің ауысуы;

-басқа да объективті себептер.

5.2. ІІБ-нен түзелуіне байланысты жағымды мінездемесімен жасөспірімді Ішкі істер бөлімінен есептен шығарғандығы туралы ақпарат келгенде (ІІБ жасөспірім есепте 1 жылға дейін тұратындығын ескеру қажет, 1 жылдан кейін мерзімінің өтуіне байланысты есептен шығарылады)

VI. Жеке алдын алу жұмысын жүргізу реті

Жасөспірімге қатысты жеке алдын алу жұмыстары кәмелетке толмаған адамға әлеуметтік және басқа да көмекті көрсету қажеттілігі болған мерзімде жүргізіледі немесе қаңғыбастылыққа, қараусыздыққа, құқық бұзушылыққа, қоғамға қарсы әрекеттерге жасөспірімнің баруына себеп болған себептерді, шарттарды жойғанға дейін жүргізіледі.

Сынып жетекшісі әлеуметтік педагогпен, педагог-психологпен бірлесіп осы жасөспіріммен жүргізілетін жеке алдын алу жоспарын құрады.

Оқушыға жеке зерттеу және бақылау есеп карточкасы ашылады. Карточканы әлеуметтік педагог, педагог-психолог және сынып жетекшісі өзара бірлесіп жүргізеді, қажет болған жағдайда осы топтағы жасөспірімдерді тәрбиелеу жұмысына қатысы бар өзге де қызметкерлерді де осы оқушымен жұмысқа тарта алады.

Сынып жетекшісі жасөспірімнің сабақ уақытындағы, сыныптан тыс кездегі қызметін бақылап отырады, алдына алу жұмыстарын жүргізеді. Сынып жетекшісі осы мектепшілік есепте тұрған оқушымен атқарылған жұмыстардың сараптамасын жасайды.

Сынып жетекшісі жасөспірімге қатысты бақылау жұмыстардың нәтижесін (сабақ босату, тәртіп бұзу) ата-анасына міндетті түрде жеткізіп отырады.

Егер бірнеше рет сабақ босату, сабаққа дайындалмау жүйелі түрде үнемі қайталанатын болса ата-ана баласымен бірге құқық бұзушылық Кеңесі отырысына шақырылып, келесі сұрақтар қаралады:

-жасөспірімді оқыту мен тәрбиелеуге байланысты ата-аналық міндеттерді орындамау;

-кәмелетке толмағанның білім алудан бас тартуы (сабаққа келмеу, үй тапсырмасын орындамау, сабақ үстінде жұмыс істемеу).

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің мектеп әкімшілігінің алдында өтініш жасауға құқығы бар:

-тоқсан бойы оқушымен жеке қосымша сабақтар өткізу кестесін құруға;

-каникул уақытында оқушымен жеке қосымша сабақтар өткізу кестесін құруға;

-пәндер бойынша орындауға тиісті тапсырмаларды тапсыру уақытын белгілеу және оның орындалысын қадағалауға;

-ұзақ уақыт бойы емделіп жатқан немесе аса қауіпті әлеуметтік жағдайда тұрған кәмелетке толмағандар үшін оқу жылы мерзімін немесе оқу тоқсанын аяқтау мерзімін ауыстыруға.

Егер ата-аналар мектептің ұсынған көмегінен бас тартып, өздері баласының мәселесімен айналыспаса, мектеп әкімшілігі Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқығын қорғау комиссиясына өтініш жасау туралы шешім қабылдайды:

-спирттік ішімдіктерді, есірткілік, психотроптық құралдарды пайдаланушы жасөспірімдермен, әкімшілік жауапкершілікке тартылған немесе арнайы оқу-тәрбие орындарынан, жабық типтегі емдеу-тәрбиелеу орындарынан келген жасөспірімдермен алдын алу жұмысын жүргізу туралы;

-әкімшілік жауапкершілікке тартылуға тиіс ісі үшін жасөспірімге қатысты материалдарды қарауға;

-мектепшілік есепте тұрған жасөспірімдерге қосымша білім беру сабақтарын ұйымдастыруға көмек сұрауға;

- мектепшілік есепте тұрған жасөспірімдерге жазғы демалыс пен бос уақытын қамтамасыз етуді ұйымдастыруға көмек сұрауға;

-15 жасқа толған жасөспірімдерді білім беру ұйымынан шығару ,оқытудың басқа түріне ауыстыру немесе басқа білім беру ұйымына ауыстыру туралы.

VII. Ереженің орындалуын бақылау

7.1. Осы қызметті жүргізу және бақылау жауапкершілігі, білім алушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару, қажетті құжаттарды рәсімдеуді білім беру ұйымының әлеуметтік педагогі жүргізеді.

7.2. Жүргізілген жұмыс сапасын осы Ережеге сәйкес бақылау жауапкершілігі білім беру ұйымы директорының тәрбие ісі бойынша орынбасарына жүктеледі.

1 ҚОСЫМША

МЕКТЕПШІЛІК ЕСЕПKE ҚОЮҒА ҰСЫНЫС

Оқушының тегі: _____ аты _____ жөні _____

Сыныбы _____ туған жылы _____

Есепке қою себебі _____

_____ мектепшілік есепке қою қажет деп есептейміз.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары _____

Әлеуметтік педагог _____

Сынып жетекшісі _____

« ____ » « _____ » 20 ____ жыл

2 ҚОСЫМША

ОҚУШЫҒА ҚЫСҚАША МІНЕЗДЕМЕ

_____ (оқушының аты-жөні, туған күні)

Білімділік деңгейі _____

Мектептегі тәртібі _____

Мектепшілік есепке қою себебі туралы

мәлімет _____

Құрбыларымен ортадағы , отбасындағы , үлкендермен қарым-қатынасы

Үйірмелерге, секцияларға қатысуы _____

Зиянды әдеттері _____

Қызығушылығы, сүйіп айналысатын ісі және т.б.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары _____

Сынып жетекшісі _____

Күні _____

3 ҚОСЫМША

«КЕЛІСІЛДІ»

Директордың ТІЖ орынбасары

« ____ » « _____ » 20 ____ ж.

ЖЕКЕ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Кәмелетке толмаған оқушымен _____

№	Шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Білім беру ұйымы мамандарымен өзара әрекеттесуі, бірлескен жұмысы: (педагог-психолог, әлеуметтік педагог, тәрбиеші және т.б.)		
2	Оқу-тәрбие қызметі: (пән мұғалімдері, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері және т.б.)		
3	Отбасымен жұмыс		
4	Басқа алдын алу жұмысын жүргізетін ұйымдар мамандарымен бірлескен жұмыс (қамқоршылық және қорғаншылық бөлімі, балаларға арналған қосымша білім беру, спорт, мәдениет және т.б. ұйымдар)		

Сынып жетекшісі _____

Әлеуметтік педагог _____

Педагог-психолог _____

« ____ » « _____ » 20__ жыл.

4 ҚОСЫМША

Жасөспірімді жеке зерттеу картасы (мектепшілік есепке қоюда)

Мектепшілік есепке қою _____ Шығару _____

Қайтадан
қою _____ Шығару _____

1. ТАӘ _____
2. Мектеп, сынып _____
3. Үйінің мекен жайы, телефоны _____
4. Нақты тұратын жері _____
5. Осы мектепте қай уақыттан бастап оқиды _____
6. Ата-анасы туралы мәлімет (ТАӘ, туған жылы, жұмыс орны, мамандығы):

Шешесі _____

Әкесі _____

Қамқоршысы _____

7.Отбасының әлеуметтік статусы _____

8.Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері, нақты және жасырын әлсіз тұстары

9.Жасөспірімнің қызығушылықтары, айналысатын сүйікті ісі, бейімі

10.Отбасы жағдайына мінездеме (отбасы құрамы, ата-анасының тәрбиеге, мектепке қарым- қатынасы , оқушыға сабақ оқуға жағдай жасалғаны немесе жағдайдың болмауы)

10.Сабаққа қарым-қатынасы, сабаққа қатысуы

12.Үйірме, клуб, секцияларға қатысуы _____

13.Қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуы _____

14.Кімдермен дос (мектепте, тұратын жерінде)

15.Кімді беделді деп санайды және неге

16.Достарымен қарым-қатынастары (астын сызу): барлығымен тең, тәуелді, басқарушы.

17.ІІБ есепте тұратындығы туралы ақпарат және тұру себебі _____

18.Кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқығын қорғау комиссиясында қаралды ма?

19.Құқық бұзушылықты жасаған уақыты және орны _____

20.Жазалау шаралары _____

21.Жасөспіріммен жүргізілген жұмыстың негізгі жоспарланған бағыттары

22.Ағымдағы оқу жылындағы оқу үлгерімі _____

Әлеуметтік педагог осы құжатты рәсімдейді

Мектепшілік есепке қою немесе есептен шығару туралы ата-анаға жіберілетін ескертпе хабарламалар үлгісі

№ _____ « _____ » _____ 20__ ж.

ТАӘ (кімге) _____

ЕСКЕРТПЕ ХАБАРЛАМА

Сізге, Құқық бұзушылық Кеңесі шешімімен №_____ мектептің №_____ хаттамасы негізінде кәмелетке толмаған _____ жылы туған, _____ сынып оқушысы, _____ мекенжайында тұратын жасөспірім

_____ мектепшілік есепке қойылғандығы туралы хабарлаймыз.

Директор _____
«Таныстырылды» _____
№_____ «_____» _____ 20__ ж.

ТАӘ (кімге) _____

ЕСКЕРТПЕ ХАБАРЛАМА

Сізге, Құқық бұзушылық Кеңесі шешімімен №_____ мектептің №_____ хаттамасы негізінде кәмелетке толмаған _____ жылы туған, _____ сынып оқушысы, _____ мекен-жайында тұратын жасөспірім

_____ мектепшілік есептен шығарылғандығы туралы хабарлаймыз.

Директор _____
«Таныстырылды» _____
№_____ «_____» _____ 20__ ж.

Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен жеке жұмыс түрлері

№	Жұмыс түрі	
1	Оқушыға психологиялық – педагогикалық күнделік бастау	
2	Мінездеме жазу	
3	Сабаққа қатысуын бақылау	
4	Ағымдағы үлгерімін бақылау	
5	Профилактикалық әңгімелер өткізу	
6	Оқушыны қадағалау мақсатында сабақтарға қатысу	
7	Психологиялық– педагогтік көмек көрсету	
8	Тәртібін түзету	
9	Мектептегі, сыныптағы іс – шарларға қатыстыру	
10	Бос уақытын өткізуді ұйымдастыру, үйірмелер, секцияларға тарту	
11	Еңбекке орналасуға көмектесу	
12	Пәтерлеріне бару	
13	Ата – аналарымен бірлескен өзара әрекеттерді ұйымдастыру	
14	Ата – ана үшін кеңес өткізу	
15	Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесіне ата – аналарын шақыру	
16	Ата – аналарды арнайы дәрістерге шақыру	
17	Аталған оқушылардың ата – анасына психологиялық – педагогтік көмек көрсету	

**Қарағанды облысы Ішкі істер департаменті әкімшілік полиция
Басқармасы ювеналды полиция бөлімінің мектепшілік есепте тұрған
оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру бойынша
ұсыныстары**

Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың әрқайсысымен келесі жұмыстарды жүргізу қажет:

- жасөспірімнің қанағатсыз мінез құлығының, іс-әрекеттерінің себептерін анықтауға тырысу, өз тарапынан қоғамға қарсы әрекетке бармау туралы үнемі онымен алдын алу әңгімелерін жүргізу (жасөспіріммен жеке әңгіме жүргізгенде оны осы әрекеттері үшін қандай қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығы туралы айтып, қолданылатын жаза түрлерімен таныстыру қажет), коллегиялды түрде (полиция қызметкері, педагог, әлеуметтік педагог, педагог-психолог) девиантты тәртіпті жасөспірімге әсер ету жолдарын қарастыру жолын анықтау;

-ата-аналардың қоғамға қарсы, жат іс- әрекеттерінің себептерін ашу (баласының тәрбиесіне қатыспайтын, өзінің ата-аналық міндеттерін толық атқармайтын немесе жасөспірімді тәрбиелеуге кері зиянын тигізетін, баласын қажет заттармен қамтамасыз етпейтін ата-аналарды анықтау) және олардың ісін кәмелетке толмағандар ісі және оның құқығын қорғау комиссиясына (КІЖОҚҚК) қарауға дайындау;

-осы жасөспірімдерді үнемі бақылауда ұстау, тұрғылықты жерлеріне барып, тұрмыстық жағдайларын зерттеу, тұрмыс жағдайы туралы актіні толтыру, ата-аналарымен баласының қылығы туралы әңгімелесу;

-оқушылар арасында психотроптық заттарды немесе басқа да бас айналдыратын заттарды қолданудың зияны, ішімдікпен әуестенудің зияны, темекі тартудың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, медициналық қызметкерлермен бірлесіп осы тақырыптағы ақпараттылық білім деңгейлерін, оның зардаптарын анықтау мақсатында сауалнамалар жүргізу.

Есепте тұрған оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.

«Қиын» балалармен жұмысты ұйымдастыруды шартты түрде келесі жолмен ұйымдастыруға болады:

-Жасөспірім өсіп жатқан отбасын мұқият зерттеу. Осы жағдайға қалай түскендігі және жағдайдың тууына себеп болған жағдайларды анықтау;

-Отбасымен, сонымен бірге жасөспіріммен сенімділік аясында өзара жағымды қарым –қатынас орнатып, түзелуге мүмкіндік беру және олардың арына, намысына тимеу;

-**Стереотиптердің күресу уақыты.** Бір жағынан дұрыс көзқарас қалыптасып, жақсыға ұмтылу пайда болады, ал екінші жағынан қалыптасып қалған санадағы өзгертуі қиын «ештеңе істемеушілік» сезімі бас көтеріп тұрады. Сондықтан да жақсылыққа ұмтылу қасиеті , қалыпты тәртіп ережелерін сақтау адамның өзінің ішкі қажеттілігінен туу қажет екендігін ескерсек, осы бағытта да жұмысты ұйымдастыру ауадай қажет. Әдетте,

жасөспірім мен оның ата-анасының санасына әсер ету арқылы олардың іс-әрекетін, белсенділігін дұрыс жолға бағыттаған жағдайда бұл жұмыс табысты болады;

-Бекіту кезеңі. Бұл кезеңде «қиын» оқушының іс-әрекетінде жағымды динамикалық өзгерістердің болуы, өзге құрбы- құрдастарымен толық қарым-қатынас орнатуы айтарлықтай көзге түседі, яғни, байқалады.

«Қиын» балалардың шын мәнінде өзге сыртқы әсерлерге тез еліктеп кететін әлсіз тұлғалар екенін ескерсек, олармен қарым- қатынас орнатуды алдымен оның айналасындағылармен танысудан бастаған жөн. Осылай сіз оның қызығушылықтарын, кейбір әдеттерін біле аласыз, әрі жасөспірімді сол оған кері әсер ететін ортадан алып шығу үшін нақты қадамдар жасай аласыз. Сонымен бірге құрбы-құрдастары, өзінен үлкен оқушылардан, ата-аналары тарапынан келетін жағымсыз ықпалдарға тәуелді, яғни, ықпалдар алдында әлсіз басқа да жасөспірімдерді байқайсыз.

Осы міндеттерді шешуде, дер кезінде төніп келе жатқан қақтығыстық жағдай болмас үшін келесі шараларды өткізу қажет:

а) отбасындағы микроортаны зерттеу (отбасы мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынас деңгейі, жасөспірімге кері әсер етуші тұрмыстық, материалдық жағдайларды анықтау);

-аулада, көшеде (көшедегі достарының әсер етуі, бейресми топтарға қатысу)
-сыныпта, мектепте (сыныптастарының арасында тұлғалық алатын орны, беделі);

б) педагогикалық консилиум өткізу, жасөспірімнің пәндерге қызығушылығын білу, бағдарлама бөлімдері бойынша білім, білік, дағдыларын анықтау, психикасының, мінез-құлқының ерекшеліктерін білу, бейімдері мен әдеттерін білу, зиянды әдеттерге бейімділігі туралы және денсаулығы туралы ақпаратты білу;

в) зиянды әсерлерді жоюдың мүмкіндіктері туралы, қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алу, жағымсыз мінез-құлықты жөндеу, өзгерту, жағымды, дұрыс тәртіптерді, іс-әрекеттерді қалыптастыру туралы нақты шешімдер шығару.

Екіншіден, белгілі бір уақытта шешілуге тиісті оқушымен жүргізілетін жеке жұмыстың нақты міндеттерін анықтау. Қойылған міндеттерді жүзеге асыруда келесі әдістемелік нұсқауларды басшылыққа алу қажет:

-үнемі сабаққа қатысуын бақылап отыру және ата-анасына хабарлау;

-жасөспірімді үнемі қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатыстыру, мектептің қоғамдық жұмыстарымен айналысуға міндеттеу;

-нақты оқушылардың ақпаратты қабылдауына негізделген сынып сағаттарын, жиналыстар өткізу;

- алдын –ала ойластырылған тақырыптар аясында жасөспірімдермен жүйелі түрде жеке әңгімелер жүргізу, жағымды, өзара түсіністікпен әңгімені қалыптастыру үшін және сол уақыттағы жасөспірімнің психологиялық жағдайын ескере отырып, оның назарын аудару мақсатында әңгіме ұйымдастыра білу;

- жасөспірімді сыныптан тыс, мектептен тыс тәрбиелік шараларға кірістіру, оның осы сабақтарға, үйірмелерге, секцияларға қатысуына назар аударып отыру;
- жасөспірімдерді мақтау, мадақтау арқылы жағымды эмоцияларды қалыптастыру (алғыс білдіру, туған күнімен құттықтау);
- отбасындағы ахуалды үнемі бақылап отыру және ата-анаға әсер етудің барлық әдіс-тәсілдерін қолдану;
- жалпы оқу қоры есебінен материалдық көмек көрсету (қажет болған жағдайда), сонымен бірге басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік құрылымдар есебінен де көмек көрсету;
- оқушының тәрбиесімен айналысушы барлық тұлғалармен, барлық педагогтермен, тәлімгерлермен үнемі байланыс жасап, ақпарат алмасып отыру;

Егер оқушы ІІБ есепте тұрған жағдайда бұл жұмысқа жүйелі түрде жасөспірімдер ісі бойынша инспекторлар да тартылады.

«Қиын» жасөспірімдермен жұмысты ұйымдастыруда мектеп директорының оқу-тәрбие ісі бойынша орынбасарлары да үнемі жеке көмек көрсетеді. Бұл шараларға сыныптың, мектептің оқушылар ұжымы, жастардың қоғамдық ұйымдары да тартылады.

«Қиын» жасөспірімдермен жекеленген жұмыстарды ұйымдастыруда келесі педагогикалық әдіс-тәсілдер қолданылады:

- достық, тең дәрежедегі байланысты орнату;
- кәсіби бағдар бойынша әңгімелесу;
- оқушының достарымен танысу;
- демалыстарды бірге өткізу, бос уақытын ұйымдастыруға көмектесу;
- пайдалы іске бағыттау және осы істе мектеп инспекторымен бірге сынып жетекшісі де қатысады;

-жасөспірімнің мінезіндегі, іс-әрекетіндегі жағымды да, жағымсыз да фактілер болса, ол туралы ақпаратты үнемі ата-аналарына жеткізіп отыру.

Параллель сыныптар арасында, оқу топтарында оқушылармен құқықтық, ішімдік, есірткі құралдарын пайдаланудың, өрт қауіпсіздігінің, жол-көліктік жарақат алудың алдын алу тақырыптарында әңгімелер жүргізу қажет. Оқушылардың жасаған қылмыс, құқық бұзушылық әрекеттері де ескерту мақсатында басқа оқушыларға жеткізіліп отырылуы керек.

Жасөспірімнің отбасылық тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі

Менімен _____
 бірігіп _____
 (ата-аналары, сынып жетекшісі және т.б.)
 қатысуымен _____

Отбасының тұрмыстық жағдайын
тексердік _____

Отбасы құрамы:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Ата – анасының жұмыс орны:

Әкесі _____

Шешесі _____

Отбасы _____ адамнан тұрады.

Тұрғын үй ауқымы _____

Тазалық жағдайы _____

Қажетті жиһаздары _____

_____ бар.

Отбасының жалпы еңбек табысы _____ теңге, _____ адамға.

Отбасындағы қарым- қатынас _____

Ата – анасының

мінездемесі _____

Зерттеу неге байланысты өткізілді _____

Қорытынды _____

Бақылауды өткізген _____

Өткен мерзімі _____

Акт жасаушылар ТАЖ (қолдары

қойылады) _____

Мектепшілік есепте тұрған оқушының мінездемесі

1. Оқушының ТАӘ, сыныбы _____
2. Туған айы, күні, жылы _____
3. Мекенжайы, телефон нөмері _____
4. Ата – аналар туралы мәлімет _____

	Анасы	Әкесі
ТАӘ		
Жұмыс орны		
Атқаратын міндеті		
Байланыс телефондары		

5. Отбасының өзге мүшелері туралы мәлімет:

Әжесі, атасы, апа – сіңлі, аға – бауырлары және өзгелер (астын сызу)

Аты – жөндері _____

Олардың жұмыс, оқу орындары _____

6. Жанұясына мінездеме, өзара қарым-қатынастары: _____

7. Жанұяның жасөспірімге ықпалы: _____

8. Бюджет және жанұяның тұрмыстық-материалдық жағдайы: _____

9. Оқушы қай кезден аталмыш мектепте оқиды _____

10. Сыныптастарымен қарым- қатынасы: _____

11. Оқуға, мектепке көзқарасы, оқу үлгерімі: _____

12. Мектептің, сыныптың өміріне араласуы, қатысуы: _____

13. Қызығушылығы, әуестігі, ықыласы, бос уақытты қалай өткізетіні: _____

14. Есепке қою мерзімі, себебі: _____

Білім беру ұйымының атауы
Мектепшілік есепке қойылған оқушының жеке ісі

Тегі/ Фамилия	ИВАНЕНКО
Аты/ Имя	ВИКТОР
Әкесінің аты/ Отчество	СЕРГЕЕВИЧ
Туған жылы/ Год рождения	25.05.2004
Мекенжайы/ Домашний адрес	

Есепке қойылған күні:

«___» _____ 20__ ж.

Педагогикалық кеңесте немесе директор жанындағы мәжілісте қарастырылады

№ хаттамасы ___ «__» _____ 20__ ж.

Мектеп директорымен бекітіледі

«___» _____ 20__ ж

Кәмелетке толмаған балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты алдын алу бойынша рейдтерді өткізу ережелері

Жалпы ережелер

1.1. Рейдтер кәмелетке толмаған балалар арасындағы қараусыздықты және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін бірыңғай шешу, олардың құқықтары мен заңды қызығушылығын заңды түрде қорғау мақсатында өткізіледі.

1.2. Рейдтерге қатысушылар өз әрекетінде бала құқықтары туралы Конвенцияны, ҚР Конституциясын, ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексін, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қараусыздығы мен панасыздығын болдырмау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» №214 Заңын басшылыққа алады.

1.3. Рейдке қатысушылардың құрамын мектеп директоры жасақтайды және бекітеді.

1.4. Рейдті өткізу күні туралы мәлімет әр айдың 20-на дейін беріледі.

2. Рейдтің негізгі міндеттері

2.1. Қиын өмірлік жағдайларда қалған балаларды анықтау, оларға әртүрлі көмек беру.

2.2. Құқық бұзушы жасөспірімдерді, жағымсыз бағыттағы кәмелетке толмаған топтарды анықтау, олардың құқық бұзушылық тәртібінің алдын алу.

2.3. Кәмелетке толмағандардың қараусыздығын, құқық бұзушылығын, қоғамға қарсы іс- әрекеттердің алдын алу, олардың себептері мен жағдайын анықтау және болдырмау.

2.4. Құқықбұзушы және ішімдік, нашақорлық, уландыратын заттарды пайдаланушы кәмелетке толмаған балаларды анықтау.

2.5. Кәмелетке толмаған балалардың адамгершілікке жат қылықпен өмір сүретін отбасылары мен ата-аналарын анықтау. Анықталған фактілер негізінде (заңға сәйкес) олармен шаралар жүргізу.

2.6. Кәмелетке толмаған балалардың жиналатын орындарын (шатырлар, жылу құбырлары, подъездер, жертөле т.б.) анықтау және анықталған фактілер негізінде (заңға сәйкес) олармен шаралар жүргізу.

2.7. Оқушылардың тұрғылықты жерлеріне байланысты бос уақытын ұйымдастыруды бақылау.

2.8. Қоғамдық орындарда, көшелерде қайыршылықпен айналысатын немесе қараусыз жүретін бақылаусыз балаларды анықтау және табу.

3. Рейдтердің түрлері

3.1. Жалпы мектепшілік ата-аналар комитетінің төрағасы (төрайымы) жауапты болып тағайындалған ата-аналар патрулі (мекенжай бойынша).

3.2. Ұйымдастырушысы ТЖ жөніндегі директордың орынбасары, әлеуметтік педагог, Ішкі істер бөлімі болып табылатын ата-аналар патрулі, мектеп әкімшілігі, сынып тәрбиешілері, қоғамдық ұйымдастырушылардың бірлескен рейдтері.

4. Рейдті өткізу жағдайлары

4.1. Рейд 1 айда 2 рет өткізіледі, рейдке қатысушыларды мектеп директоры тағайындайды және бекітеді.

4.2. Рейдті әлеуметтік педагог, ТЖ жөніндегі директордың орынбасары, сынып тәрбиешілері, ПБ инспекторы бірлесіп өткізеді.

4.3. Рейдті өткізу жауапкершілігі әлеуметтік педагог пен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

4.4. Рейд басталмастан бұрын баратын орындар және тексерілетін отбасылар тізімі жасалады.

4.5. Отбасыларға барғандығы жөнінде үй-тұрмыстық жағдайды зерттеу актісі жасалады және қажеттілік болса, ПБ инспекторының хаттамасында көрсетіледі.


БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры _____
күні

Жасөспірімдер арасындағы қараусыздық және құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі отырыстарының кестесі

20_ - 20_ оқу жылы
« _____ » КММ

айлар	күндер																												
	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28		
қыркүйек																													
қазан																													
қараша			демалыс																										
желтоқсан																													
қаңтар		демалыс																											
ақпан																													
наурыз																													
сәуір																													
мамыр																													

 - Кеңес күні

Орынд. әлеуметтік педагог
Аты-жөні

БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры _____

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Құқықбұзушылықты алдын алу бойынша Кеңестің жұмыс жоспары**Құқық бұзушылықты алдын алу Кеңесінің жұмыс жоспары
20 ____ – 20 ____ оқу жылы**

№ п/п	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Кеңестің жұмыс жоспарын бекіту. Жазғы мерзімде орын алған құқық бұзушылықтарды талдау. МІЕ және ІБ инспекторы есебіндегі оқушылардың тізімін түзету, реттеу Қамқорлыққа алынған балалардың тұрмыстық жағдайын зерттеу. Оқушылармен мектепте және қоғамдық орындардағы тәртіп нормалары туралы әңгімелесулерді өткізу.	тамыз-қыркүйек	Әлеуметтік педагог, ТІЖ директордың орынбасары, сынып жетекшілері, ІБ КТІ инспекторы
2.	«Девиантты» оқушылар. (девианттық тәртіптің сипаты, бұл категорияға жататын балалармен жұмыс түрлері) Сынып жетекшілері және психологтер берген мінездеме бойынша тәуекел топқа жататын балалардың тізімін бекіту. «Тәртіп ережелерін және мектеп Жарғысын орындау» бойынша барлық сыныптарда ата-аналардың жиналысын өткізу. МІЕ және ІБ инспекторы есебіндегі оқушылардың күзгі демалысын ұйымдастыру. Сабаққа себепсіз қатыспаған оқушылармен әңгімелесу.	қазан	Педагог-психологтер, әлеуметтік педагог, ТІЖ директордың орынбасары, сынып жетекшілері
3.	Кәмелетке толмаған балалар арасындағы құқық бұзушылық, қараусыздық пен	қараша	Педагог-психологтер,

	<p>панасыздық жағдайын зерттеу, 1 тоқсан бойынша әлеуметтік зерттеулерді ұйымдастыру.</p> <p>Сынып жетекшілерінің МІЕ және ІБ инспекторы есебіндегі оқушылармен жұмысының қорытындысы.</p> <p>Жасөспірімдерді мектеп және сыныптың тәрбиелік шараларына, үйірмелер мен секциялар жұмысына, қоғамдық тапсырмаларға қатысуға тарту.</p> <p>Маңызды себепсіз сабаққа қатыспаған оқушылармен әңгімелесулер өткізу.</p>		әлеуметтік педагог, ТІЖ директордың орынбасары, сынып жетекшілері
4.	<p>1 жартыжылдықтағы мектеп бойынша құқық бұзушылықтардың талдауы. ІБ инспекторымен бірлескен жұмыс. МІЕ және ІБ инспекторы есебіндегі оқушылардың тізімін түзету. Сыныптық ата-аналар жиналыстары. «Отбасылық тәрбиенің мәселелері» тақырыбында ата-аналар үшін дәрістер.</p> <p>МІЕ және КТІ инспекторы есебіндегі оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру. 8-11 сынып жетекшілерінің құқық бұзушылықтарды алдын алу бойынша жұмысы. Балаларын тәрбиелеуден бас тартқан ата-аналармен әңгімелесулер жүргізу.</p>	желтоқсан	Әлеуметтік педагог, ТІЖ директордың орынбасары, сынып жетекшілері
5	<p>Сынып жетекшілерінің МІЕ және ІБ инспекторы есебіндегі оқушылармен жұмысының қорытындысы. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары және басқа өкілдерімен өзара әрекет.</p> <p>Жетім балаларды мемлекеттік мекемеге жіберу немесе кәмелетке толмаған жасөспірімдерді қамқорлыққа алуды рәсімдеуге көмек көрсету</p>	қаңтар	Әлеуметтік педагог, ТІЖ директордың орынбасары, сынып жетекшілері
6	<p>Полициямен бірлесу Отрядының жұмысы</p> <p>«Девиантты балалардың» пәтерлеріне бару рейді бойынша қорытынды жасау.</p> <p>Оқушылармен жеке сөйлесу.</p>	ақпан	Әлеуметтік ТІЖ директордың орынбасары, сынып жетекшілері
7	<p>Тәуекел топқа жататын, МІЕ және ІБ инспекторы есебіндегі оқушылармен өткізілетін психодиагностикалық және психотүзету жұмыстың талдауы.</p> <p>3 – тоқсандағы мектеп бойынша құқық бұзушылықтардың талдауы.</p> <p>МІЕ және ІБ инспекторы есебіндегі оқушылардың көктемгі демалысын ұйымдастыру.</p>	наурыз	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері
8.	Сыныптық ата-аналар жиналыстары. «Жағымсыз әдеттер. Олармен қалай күресу	сәуір	Әлеуметтік педагог, ТІЖ

	керек?» ата-аналар үшін дәрістер. Білім алудан бас тартқан, құқық бұзушылыққа жақын балалар және олардың ата-аналарымен жеке сөйлесуді ұйымдастыру. Сынып жетекшісінің МІЕ және ІБ инспекторы есебіндегі оқушылармен жұмысының қорытындысы.		жөніндегі директордың орынбасары, сынып жетекшілері
9.	Жазғы мерзімде құқық бұзушылықты алдын алу бойынша оқушылармен әңгімелесулер өткізу. МІЕ және ІБ инспекторы есебіндегі оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру. Кеңестің жыл бойындағы жұмысын талдау.	мамыр	ТІЖ директордың орынбасары
10	«Тәртіп сақтау», «Жасөспірім» кешенді алдын алу іс – әрекеттері операцияларына қатысу.	жыл бойы	ТІЖ директордың орынбасары, мектеп инспекторы
11.	Темекі шегу, ішімдік, нашақорлықтың алдын алу, ЖИТС алдын алу бойынша , құқықтық тәрбиелеу бойынша декадалар өткізу.	жыл бойы	Әлеуметтік педагог, ТІЖ директордың орынбасары, сынып жетекшісі, медқызметкерлер

Тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры _____
« ____ » _____ 20 ж.

20 _____ 20 _____ оқу жылында білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының жоспары

№	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Өткізу орны	Жауапты	Қорытынды түрі
I. Алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру, әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз ету.					
1.	Сабаққа қатыспайтын, себепсіз босататын балалар мен жеткіншектерді табу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және сабақтан қалуға себеп болған жағдайлар мен шарттарды жоюға шаралар қолдану.	Жыл бойы		Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	Директордың қатысуымен жиналыс
2.	Қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасылардағы балаларды анықтау және есепке алу бойынша жұмыстарды жүргізу, осы отбасылармен алдын алу жұмыстарын үнемі ұйымдастырып тұру.	Тоқсан сайын		Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	Мәліметтер базасы
3.	Оқушылардың арасында құқық бұзушылықты ескерту бойынша әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыру.	Үнемі		Әкімшілік, психологтер	Бұйрық
4.	Балалар мен жеткіншектерді үйірмелерге, спорттық секцияларға, қосымша білім алуды ұйымдастыруға, спорттық және аула клубтарына қатыстыруға жұмылдыру, жұмыстарды ұйымдастыру	Жыл бойы		Әкімшілік, Сынып жетекшілері	Мәліметтер базасы, директордың қатысуымен жиналыс
5.	Құқық бұзушылыққа бейім кәмелетке	Тоқсан сайын		Сынып жетекшілері,	мониторинг

	толмағандарды бос уақытта іс-шараларға қамту бойынша мониторингті іске асыру			әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	
6.	Тұрмыс жағдайы нашар отбасыларындағы балалар мен жеткіншектердің және алдын алу есебінде тұрған оқушылардың жазғы мерзімдегі демалысын қамтамасыз ету	Маусым-тамыз		Әкімшілік, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	Директордың қатысуымен жиналыс, ББ ақпарат
7.	Тұрғын үйге мұқтаж болған кәмелетке толмағандарға қатысты тұрғын үй туралы заңдылықтың орындалу барысына тексеріс жүргізу	Тоқсан сайын		Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	ББ ақпарат
8.	Оқушылардың жеке қасиеттерін анықтау бойынша диагностикалық жұмыстарды өткізу	Жыл бойы		Психологтар	Директордың қатысуымен жиналыс
II. Оқушыларының арасындағы бақылаусыздық пен құқық бұзушылықты алдын-алу					
9.	Жоғары оқу орындары заң факультетінің оқытушыларын шақыру арқылы білім ұйымдарында құқықтық жаппай оқуды өткізу	Тоқсан сайын		Ақпараттық алдын алу топтарының (ИПГ) басшылары	ББ ақпарат
10.	Аймақтық ИБ қызметкерлерінің қатысуымен дәрістерді, алдын-алу әңгімелерін өткізулерді, консультацияларды, дөңгелек үстелдерді, жиналыстарды ұйымдастыру	Жыл бойы		Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары	ББ ақпарат
11.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты алдын алуға бағытталған аймақтық ИБ бірлескен жедел алдын алу кешенді іс-шараларын өткізу	Жыл бойы		Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, сынып жетекшілері,	ББ ақпарат

				әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	
III. Нашақорлық пен маскүнемдіктің алдын-алу					
12.	Нашақорлыққа, маскүнемдікке қарсы бағытталған кең ауқымды акциялар өткізу	Жыл бойы		Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	ББ ақпарат
13.	Ата-аналар жұртшылығын кең ауқымда жұмылдырумен бұқаралық-мәдениеттілік және спорттық іс-шаралар өткізу	Жыл бойы		Директордың Т/Ж бойынша орынбасары, сынып жетекшілері, дене шынықтыру ӘБ	ББ ақпарат
14.	ПБ Әкімшілік полиция бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен жол-көліктік жарақаттанудың алдын алу бойынша іс-шараларды өткізу	Жыл бойы		Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	ББ ақпарат
15.	Салауатты өмір салтын қалыптастыру облыстық орталығымен, облыстық наркологиялық диспансерімен және басқа да мекемелермен нашақорлық және алкогольдік өнімдерді қолдануды алдын-алу бойынша бірлескен іс-шараларды өткізу	Жыл бойы		Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы	ББ ақпарат

3 БӨЛІМ

Білім беру ұйымдарында жалпыға бірдей құқықтық оқытуды ұйымдастыру Білім беру ұйымдарында оқушылар, ата-аналар және педагогтер арасында құқықтық жаппай оқуды ұйымдастыру жұмысы Қазақстан Республикасы Президентінің 21.06.1995 жылғы №2347 «Қазақстан Республикасындағы құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастыру шаралары туралы» Қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Құқықтық жаппай оқудың мақсаты-оқушылар мен олардың ата-аналарының, мұғалімдердің жалпы құқықтық мәдениетін көтеру, саяси белсенділігін қалыптастыру. Барлық ұйымдастырылған сабақтар заманауи әдістемелік, интерактивтік әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жеке бостандық пен құқықтарды қорғаудың қарапайым дағдыларын қалыптастыруға және адамдарда жағымды құқықтық мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған болуы қажет.

Оқу жылының басында білім беру ұйымының директоры құқықтық оқуды ұйымдастыруға және жүргізуге жауапты тұлғаны тағайындап, «**Құқықтық жаппай оқуды ұйымдастыру**» бұйрығын шығарады. Педагогтер, ата-аналар және оқушылар үшін сабақтар кестесі және оқу-тақырыптық жоспар жасалып, бекітіледі.

Оқу-тақырыптық жоспар тыңдаушылардың (ата-аналар, оқушылар, педагогтер) жас ерекшеліктеріне және кәсіби ерекшеліктеріне байланысты жеке тұлғалық принциптерді ескере отырып жасалынып, жоспарда өткізілетін уақыты, сабақтардың тақырыбы, сағат саны, өткізетін жауапты тұлғалар көрсетілуі керек. Жоспарда нақты қаралуға тиісті нормативтік-құқықтық актілер болуы қажет. Өйткені негізгі мақсат-құқықтық нормаларды түсіндіру, құқықтық насихаттау және құқықтық ақпарат беру.

Оқу үдерісінде көрнекі үгіттеу құралдары, стендтер, плакаттар және т.б. насихаттау құралы ретінде пайдаланылу керек. Сонымен бірге нормативтік-құқықтық базаның болуына, заңнамалық әдебиеттердің болуына және оның үнемі жаңартылып отыруына аса мән берілу қажет.

Сабақтарды өткізудің түрлі әдіс-тәсілдерін, формаларын қолдану ұсынылады: дәрістер, семинарлар, олимпиадалар, тест жұмыстары, практикалық сабақтар, пікірталас, дөңгелек үстелдер және т.б.

Педагогикалық кеңесте немесе
директор жанындағы мәжілісте
қарастырылады
№ хаттамасы __ «__» ____ 201__ ж.

Мектеп директорымен
бекітіледі
«__» ____ 20__ ж

Білім беру ұйымдарында жалпы құқықтық білім беру туралы

Ереже

I. Жалпы ерекшеліктері

1. Құқықтық жаппай оқу – бұл оқушыларды, педагогтерді, ата-аналарды құқықтық тәрбиелеу және құқықтық насихаттау жүйесі.
2. Осы Ереже білім ұйымдарында құқықтық жаппай оқытудың мақсаттарын, принциптерін және тәртібін өткізуді анықтайды.

3. Құқықтық жаппай оқудың мақсаты – оқушылардың, педагогтердің, ата-аналардың құқықтық мәдениетін өсіру және заңды құрметтеу дәстүрін қалыптастыру.

4. Құқықтық жаппай оқу келесі міндеттерді шешеді:

1) құқықтық жаппай оқуды іске асыру, оқушылардың, педагогтердің, ата-аналардың құқықтық мәдениетін өсіру, заңнан хабардар болу және заң шығарушы актілерді, оларды бұзудағы жауапкершілік шараларын білу;

2) Оқушыларға, педагогтерге, ата-аналарға Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарын, заңдарын, Министрліктің бұйрықтарын және басқа да құқықтық актілерді уақытылы жеткізу және түсіндіру.

5. Құқықтық жаппай оқудың негізгі принциптері:

- құқықтық білім алуға жалпылық;

- жүйелілік;

- үздіксіздік;

- құқықтық білім алуға қызығушылық таныту және әкімшіліктің міндеттері;

- педагогикалық ұжымның құқықтық білім алуға іске асыруды қамтамасыз етуі;

- жекелілік (тыңдаушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып).

II. Құқықтық жаппай оқуды ұйымдастыру

1. Мектеп әкімшілігі жас ерекшеліктерді, категорияларды есепке ала отырып әдістемелік ұсыныстарды, тақырыптық оқу жоспарларын өңдеуді қамтамасыз етеді.

2. Құқықтық жаппай оқуды ұйымдастыру бойынша жұмысқа заң орындарының, мемлекеттік комитеттердің қызметкерлері тартылады.

3. Мектеп әкімшілігі заңдық тақырыптарға стендтерді безендіреді, 1-11 сыныптардың сынып жетекшілері арнайы құқықтық сынып бұрыштарын жасайды.

4. Құқықтық жаппай оқуды ұйымдастыруын жалпы басшылыққа алу және қадағалау, әдістемелік басшылықты мектеп әкімшілігі іске асырады.

III. Құқықтық жаппай оқуды өткізудің тәртібі

1. Құқықтық жаппай оқу келесі топтар бойынша құқықтық оқытуды ескереді:

Бірінші топ – 1-11 сынып оқушылары;

Екінші топ – ата-аналар. Тыңдаушылардың сабақтарға келу және қатысуларын қамтамасыз ету сынып жетекшілерге жүктеледі. Тақырыптық – оқу жоспарын жасау, өңдеу мектеп әкімшілігіне жүктеледі, тақырыптық сабақтарды өңдеу лекторлық топтың жетекшісіне (бұйрыққа сәйкес) жүктеледі.

Үшінші топ – педагогтер.

Тыңдаушылардың қатысуын қамтамасыз ету мектеп әкімшілігіне жүктеледі.

Тақырыптық-оқу жоспарын, тақырыптық сабақтарды жасау және өңдеу мектеп әкімшілігіне жүктеледі.

2. Оқушыларға арналған құқықтық жаппай оқу оқушылар үшін келесі жолмен іске асырылады:

1) сынып сағаттарын өткізу (айына 1 рет);

2) құқық пен заңды оқу бойынша дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру;

3) келіп түскен ұсыныстарға сәйкес басқа түрде.

3. Педагогтерге арналған құқықтық жаппай оқу келесі жолмен іске асырылады:

- 1) 1 тоқсанында 1 рет дәріс өткізу;
- 2) құқықтар мен заңдылықтар мәселелерін оқып білу бойынша дөңгелек үстелдерді өткізу;
- 3) қабылданған нормативтік-құқықтық актілерді, ұсыныстарды, педагогикалық ұжымға жеткізу және жадынамаларды жасау;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамалық мәселелерін оқып білу, тәжірибеде қолдану бойынша әр педагогтің өз бетімен тұрақты жұмысы;
- 5) келіп түскен ұсыныстарға сәйкес басқа түрде.

4. Ата-аналарға арналған құқықтық жаппай оқу келесі жолмен іске асырылады:

- 1) ата-аналар жиналысында жылына 2 рет дәріс өткізу;
- 2) құқықтар мен заңдылық сұрақтары бойынша жеке кеңестер өткізу;
- 3) қабылданған нормативтік-құқықтық актілерді, ұсыныстарды ата-аналар жұртшылығы назарына жеткізу, жадынамаларды жасау және өңдеу;
- 4) келіп түскен ұсыныстарға сәйкес басқа түрде.

IV. Құқықтық оқытуды ұйымдастыру құжаттары

4.1. Құқықтық жаппай оқудың барлық сабақтары хаттамаланады. Өткізілген шаралар мазмұны қысқаша түрде хаттамаға енгізілуі тиіс.

4.2. Оқушылар, педагогтер және ата-аналар үшін құқықтық оқыту бойынша хаттамаларға дәріс оқыған оқытушының қолы қойылады.

4.3. Ата-аналар, педагогтер үшін құқықтық оқытудың барлық хаттамалары мектептің әдістемелік кабинетінде сақталады және бұл құжаттар мектептің міндетті құжаттарына жатады, әрі істер номенклатурасына сәйкес нөмірленеді.

4.4. Оқушылар үшін құқықтық жаппай оқыту хаттамалары сынып жетекшілерінде сақталады, оқу жылының соңында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына тапсырылады.

4.5. Хаттамалар дәптері біріктіріліп байланады, нөмірленеді және білім беру ұйымы директорының қолымен бекітіледі.

4.4. Құқықтық жаппай оқыту материалдары 5 жыл сақталады.

4.5. Оқушылар үшін жүргізілген құқықтық оқыту сабақтарының тақырыбы және өткізілген күндері арнайы бірыңғай **«Жаппай құқықтық оқыту сабақтары» журналында** жазылады.

4.6. Құқықтық жаппай оқыту сабақтарын педагогтармен өткізу үшін қатысушылардың қатысуын есепке алу журналын бастау қажет. Бұл үшін тыңдаушылар тізімі жасалынады, осы жерде дәрістің тақырыбы, өткізілген мерзімі, дәріс оқушының аты-жөні көрсетіледі.

4.7. Құқықтық жаппай оқытуды ата-аналар үшін өткізу жұмысы ата-аналар жиналыстары хаттамаларында көрсетіледі.

Педагогикалық кеңесте немесе
директордың қатысуымен болған
жиналыста қаралады.
Хаттама № _____ «__» _____ 201_ ж.

Мектеп директорымен
бекітіледі

Полициямен бірлескен Отрядтың қызметі туралы Ереже
«Республикалық «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы»
қоғамдық бірлестік жұмысын жандандыру және жастар бастамасын
қолдау мақсатында

I. Жалпы ережелері

Полициямен бірлесу отряды – білім беру ұйымдарындағы орта буын мен бастауыш сынып, мектепке дейінгі балалар арасында құқықтық насихаттауға балалар мен жасөспірімдерді кеңінен тарту, әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеу, нормативті актілерді, заңдарды білу және меңгергенін қолдану мақсатында құрылған оқушылардың ерікті ұйымы.

ПБО құрудағы негізгі мақсаттары:

- жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен бос жүрудің алдын-алу шаралары бойынша мектептің жұмысын белсендіру;
- сабақтан тыс уақытта балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын белсенді ұйымдастыру;
- салауатты өмір салтын сақтауға және заңды орындау тәртібін насихаттауға оқушыларды кеңінен тарту;
- ішкі істер органы қызметіне баулу арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру;
- мектеп оқушыларына азаматтық және құқықтық тәрбие беруге жағдай жасау;
- әртүрлі жастағы ұжымдарға оқушыларды тарту және бірлесе жұмыс жасай білуге үйрету.

ПБО негізгі міндеттері:

- жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен бос жүрудің алдын алу, ескерту шаралары бойынша мектеп ұжымының жұмысына көмек беру;
- әрекеттегі заңдар мен нормативті актілерді насихаттау бойынша мектептерде, балабақшаларда, мектептен тыс мекемелерде, басқа да қоғамдық бірлестіктермен ынтымақтаса жұмыс жасау;
- ПБО отрядтарының жарыстарына, слеттері мен фестивалдеріне қатысу;
- ПБ, мектепшілік есепте тұрған жасөспірімдерді түрлі спорттық шараларға, конкурстарға, басқа да мәдени шараларға қатысуға тарту.

II. ПБО отряд жұмысының негізгі бағыттары:

2.1. **Ақпараттық қызметі.** Отрядтың қызметі отряд жұмысының қызметі туралы материалдарды дайындайды, «ПБО іс-әрекетте» тақырыбында стенд құрып, аймақта, қалада, ауданда, мектепте тәртіп сақтау жағдайы туралы ақпараттарды (т.б. ақпараттар) «Полициямен біріккен отряд» атты мектепшілік газетке жариялап отырады. Құжатнамаларды жүргізу – ПБО отрядының төлқұжаты. Ақпараттық бұрыштарды құқықтық білімнің негіздері бойынша рәсімдейді.

2.2. Насихаттау қызметі. Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен бос жүрудің алдын-алу шаралары бойынша, салауатты өмір салтын сақтау бойынша, балалардың қауіпсіздігі туралы суреттер көрсете отырып, брейн-ринг пен түрлі викториналар, әңгімелесулер өткізеді. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін орындауды насихаттау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Мектепте, балабақшада қауіпсіздік тәртібі мен заңдарды үйрету үшін түрлі көрнекі үгіт жасау және қатысу үшін үгіт бригадаларының баяндамаларын, қойылымдар қоюды, мерекелік шаралар мен тақырыптық шаралар, КТК, жарыстар, саяхаттар, ойындарды ұйымдастырады және өткізеді.

2.3. Шефтік көмек көрсету қызметі. Өзін-өзі қорғау әдістерін меңгеруде, ішкі істер органы қызметкерінің бейнесін жағымды жағынан қалыптастыруда, әрекеттегі заңдылықпен бекітілген нормаларға сәйкес, оқушыларды сыйластыққа тәрбиелеу, кіші мектеп оқушылары арасында түрлі тақырыптық суреттер байқауын ұйымдастыруға көмек беруден тұрады.

2.4. Патрульдік қызмет.

Патрульдік қызмет түрлері:

- балалар мен жасөспірімдер арасында әрекеттегі заңдылықтар бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, көшенің шулы бөліктерінде рейд пен патрульдік жүргізу;
- мектеп аймағында кезекшілік ету;
- мұғалімдер мен ата-аналарды жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық бойынша хабардар етіп отыру;
- мектеп жанында, ойын және спорт алаңдарында ойындар ұйымдастыру.

III. ПБО отряды қызметін

Құқықтық ұйымдастыру негіздері

3.1. Мектептегі ПБО отряды мектеп директорының бұйрығы негізінде құрылады, бұйрықта отряд жұмысын ұйымдастырушы тұлға нақтыланып, отряд жұмысының ұйымдастырылуы мен қызметтің негізгі бағыттары жүктелінеді. Отряд жұмысын бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

3.2. Оқу жылының басында ұйымдастырушы (отряд жетекшісі) отрядтың жылдық жоспарын құрады, онда ата-аналармен жұмыс, мектепішілік және мектептен тыс шаралар, үйірмелер жұмысының жүйесін қарастыратын болады, жоспарды сынып жетекшілерінің бірлестігінде келіседі, оны директор бекітеді. Жұмыстың ұйымдастырушысы ПБО отрядымен бірге жоспардан тыс немесе жоспар бойынша өткізу туралы құжатнамаларды жүргізуді жүзеге асырады.

3.3. ПБО отрядының мүшелері болып білім беру ұйымының 12-16 жастағы ПБО отрядында жұмыс жасаймын деп ниет білдірген, балалар мен жасөспірімдер арасында әрекеттегі заңдылықтар бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, мектептің оқушыларын азаматтық және құқықтық тәрбие беруге жағдай жасау бойынша жүргізілетін жұмыстарға қатысатын балалар бола алады.

3.4. Отряд құрамы 13 адам болған жағдайда құрылады және бөлімшелерге бөліне алады. ПБО отрядына қабылдау отряд жиынында жасаған ауызша өтініші ретінде қабылданады. Отрядтың командирі отрядтың жалпы отырысында сайланады.

3.5. ПБО отрядының жоғары органы болып оның мүшелерінің жиналған отырысы болып табылады. Отряд мүшелерінің ортақ дауыс беруімен жауапты мәселелер шешіледі. Оқу жылының соңында отряд командирі мен отряд мүшелерінің жыл бойы жасаған жұмысының есебі тыңдалады.

3.6. ПБО отрядының өзіндік нышаны (таңба, төсбелгі, жалауша), формалық киімі болады.

4 БӨЛІМ

Қарағанды облысының білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жұмысын тексеру бойынша ЖАДЫНАМА

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы ереже.

2. Мектепішілік есепке қою туралы ереже.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық, қылмыс пен бос жүрудің алдын-алу шаралары бойынша құқықтық және нормативтік құжаттардың болуы (Заңдар, Қаулылар, оқушылар, ата-аналар мен тәрбиешілер арасында құқықтық Жалпы оқытуды ұйымдастыру бойынша, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық, қылмыс пен бос жүрудің алдын алу шараларын ұйымдастыру бойынша бұйрықтар).

3. Құқық бұзушылық, қылмыс жасаған оқушылар бойынша мониторинг жасау, оның ішінде темекі шегу, нашақорлық, токсикомания, алкогольді ішімдік ішу фактілері орын алған жағдайлар бойынша да мониторингтер жүргізу.

4. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жоспарлары мен хаттамалары (соңғы 3 жыл бойынша). Есепте тұрған жекелеген оқушылардың істерін қарастыру.

5. Мектепішілік есепке алудың мерзімін қарастыру: алдын-алу бойынша кеңестің отырыстарында есепке алу, есептен шығару, есепке алу мерзімін ұзарту, оқушылар және ата-аналармен жүргізілген жұмыстың қорытындысына талдау жасау.

6. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің алдын алу мәселелеріне қатысты сұрақтарды қарастыруы: оқуды ұйымдастыру, оқушылардың бос уақыты, кәмелетке толмағандардың осы бейәлеуметтік жүріс-тұрыстарының алдын алу бойына жұмысын жақсарту, әлеуметтік қауіп тобындағы оқушылармен жұмыс, МІЕ, ІО есепте тұрған оқушылармен жұмыс, ата-аналармен жұмыс, нақты шешімдер қабылдап, нұсқаулар беру.

7. Оқушылардың салауатты өмір салтын ұстауға және заңға бағынушылықты қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізу. Осы шаралардың сараптама анықтамалары. Ата-аналар, мұғалімдер және оқушылар арасында жалпы құқықтық оқытуды өткізу.

8. Құқық қорғау органдарымен өзара бірлесіп жұмыс жасау: жекелеген әңгімелесулер өткізу, ата-аналар жиналыстары мен сынып сағаттарында баяндамалар жасау, алдын-алу шаралары бойынша Кеңестің отырыстарына қатысу, рейдтер жүргізу және т.б.

9. «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар» және т.б. рейдтерді тіркеу және жүргізу.

10. Құқық бұзушылық, қылмыс жасаған оқушылар, темекі шегу, нашақорлық, токсикомания, алкогольді ішімдік ішу бойынша және балалар мен жасөспірімдер арасында бейәлеуметтік іс-әрекеттер бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жекелеген, сыныптық және мектепішілік іс-шараларды өткізу, оны есепке алу, балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қараусыздық, бақылаусыздық бойынша жұмыс істейтін қызмет жүйесі өкілдерінің қатысуымен шаралар өткізу: денсаулық сақтау ұйымдары, дағдарыстық орталықтар, үкіметтік емес ұйымдар (НПО) және т.б.

11. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық, құқықтық Жалпы оқытуды ұйымдастыру бойынша сұрақтарды оқу жылы бойында сынып жетекшілерінің бірлестігінде, директор жанындағы отырыстарда, педагогикалық кеңестерде қарастыру.

Қарағанды облысы ІД Әкімшілік полициясы

Басқармасының ювеналды полиция бөлімінің оқушылар үшін ұсыныс материалдары

МҰНЫ БІЛГЕНІҢ ЖӨН!

Бұл жадынама сен үшін заңға қайшы келетін әрекеттермен бірге басқа да қоғамға қарсы тәртіпті бұзған жағдайдағы жауапкершілікті білуің үшін дайындалды.

Бәрі де кішкентай нәрседен басталады:

- сабақтан қалам деп шештің,
- ересек адамға дөрекі сөйледің (оның ішінде мұғалімге),
- құрбыңды, досыңды балағаттадың не ұрып жібердің,
- үйден қашып кеттің,
- рұқсатсыз бөтен адамның затын алдың (оның ішінде қараусыз жатқан затты), уақытша сұрап алып, қайтармадың,
- қызыққаннан ішімдік пен темекінің дәмін таттың,
- жай қалжың үшін мектепке жарылыс заты қойылды деп қоңырау шалдың.

Осы әрекетті жасағаның үшін, Сені полицияға есепке алады, ата-анаң айыппұл салады. Бұл жазалаудың тек бір ғана түрі.

Айтпақшы, есінде болсын, полицияға тіркелгенің туралы ақпарат өмір бойы сақталады. Осы кезден-ақ жақсы жұмысқа тұру, әскери қызметке бару, жоғары оқу орнына түсу тәрізді мәселелер туындаған кезде сол жіберген қателеріңіз алдыңыздан шыға бастайды.

Одан басқа, біз саған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қарастырылғанындай қандай қылмыстар үшін және қай жастан бастап жаза қолданылатындығы туралы ақпарат береміз (ҚР ҚК).

Сенде: «Неге кодекс «қылмыстық» деп аталады?» деген сұрақ туындауы мүмкін (мемлекетпен бекітілетін және қорғалатын, тәртіп нормаларының жиынтығы). Жасаған қылмыстары үшін адам өз басымен жауап беруге міндетті. Бұрынғы жылдары адамзат бір ғана жаза білетін: ол - өлім. Осыдан келіп «қылмыстық құқық» сөзі пайда болған.

Жалпы, қылмыстық жауапкершілік он алты жастан басталады, дегенмен, кейбір қылмыстарға он төрт жасар жасөспірімдер де тартылады. Егер, кәмелеттік жасқа толмаған бала 14 –ке келсе, егер ол төмендегідей қылмыс жасаған болса:

- ұрлық (*біреудің мүлкін көрсетпей ұрлау*);
- тонау (*біреудің мүлкін көрсетіп ұрлау*);
- ұрып-соғу (*біреудің мүлкін ұрлау мақсатында тонау, оған қоса ұрып-соғу*);
- күштеп алу, бопсалау (*біреудің мүлкін зорлық көрсетіп тартып алуды талап еткенде, сонымен қатар адамды не оның жақындарын қорлайтындай мәлімет таратқанда*);
- бұзақылық (*азаматтарға күш қолданумен бірге қоғамдық тәртіпті дөрекі түрде бұзғанда немесе біреудің мүлкін бұзғанда*);
- зорлық жасау (*жыныстық түрде қауіп төндіріп, не зорлық жасағанда*);
- адам денсаулығына ауыр жарақат салғанда (ҚР ҚК 103-бабы) және орташа жарақатта (ҚР ҚК 103-бабы), яғни, дене жарақатын келтіргенде,

Жазада қарастырылғандай қылмыстық жауапкершілік тағайындалып – бас бостандығынан бірнеше жылға айырылады да, кіші жастағы қылмыскерлерге арналған колонияларға жіберіледі.

Сондықтан, біз Сенің осы жадынамаға аса мән бергенінді қалаймыз, алғаш кезде тек «балалық, шалалықтан» басталатын жай қылықтар ауыр қылмыстарға алып келетінін есіңе саламыз.

Қылмыскер атанғанша, Заңға және адамзаттың жылдар бойы жинаған тәжірибелерінен тұратын нақты ережелерге бағынып, жақсы және дұрыс өмір сүрген дұрыс.

**ОҚЫ, ОЙЛАН, ЕСІҢЕ САҚТА, ТӘРТІПКЕ КЕЛ.
САҒАН ТАБЫС ТІЛЕЙМІЗ!**

Қиын жағдайдан қалай шығуға болатындығы туралы және қауіпсіздік ережелері бойынша оқушыларға жадынама

Қылмыс – қылмыстық құқықпен тыйым салынған қоғамға қауіпті әрекет.

Оның өзіндік біршама белгілері бар.

Қылмыс – бұл қашанда қоғамдағы қауіпті әрекет.

Қоғамдық орын – адамдардың жиналатын кеңістігі не аймағы, бұл жерге әркім емін-еркін немесе ақылы түрде кіре алады.

Қазіргі таңдағы өмір түрлі қауіпті және қиын жағдайларға толы. Қараңғы подъездерде, көлік аялдамаларында, электр пойызы кіре берісінде немесе тыныш саябақтарда түрлі қылмыстар жасалып жатады: өлім, адам зорлығы, денеге ауыр жарақат салу, тонау, ұрып-соғу және тағы басқалары.

Әрине, барлығы бізге байланысты емес, дегенмен, біз өзімізге қатысты, біраз қарапайым ережелер мен талаптарды ұстанатын болсақ, яғни, өзімізді сақтықпен ұстасақ, өз өмірімізді, денсаулығымызды, абыройымызды сақтап қалу және қорғауға мүмкіндігіміз жоғары.

Балаға үйрету қажет:

- бөгде адамдарға пәтердің есігін ашпауды (тіпті олар әке-шешесінің жақын достарымыз десе-дағы);
- бөгде адамдармен сөйлеспеуді (кішкентай балалармен аялдамада, қоғамдық көлікте, балабақшада тез танысу оңай);
- бөгде адамнан сыйлық не тәтті-дәмді алмауды (көбінесе – қылмыскердің өзінің құрбанын оңай таңдауының бір жолы);
- танымайтын адам келгенде ата-анасын, не достарын айқайлап шақыру керек;

- не ұсынса да ешкімнің үйіне қонаққа бармау керек (жаңа мультфильм немесе кино көруге, компьютерде ойнауға);
- лифт немесе подъезге бөгде адамдармен кіруге болмайды (балаңызды «Мен ата-анамды күтемін» деген сөздермен «қаруландырыңыз»);
- шұғыл жағдай туындағанда өзіне назар аудартудан қысылмауға үйретіңіз (балаңызға «Көмектесіңіздер! Бұл бөтен! Мен онымен бармаймын!» деген сияқты сөздер мен сөйлемдерді үйретіңіз)

Балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелері

Балалар мен жасөспірімдер міндетті:

1. Қоғамдық орындарда – көшеде, гүлзарларда, барлық аулаларда, саябақтарда, театрларда, кинотеатрларда, спорт алаңдарында, қалалық және басқа да қоғамдық көліктерде қоғамдық тәртіпті сақтауға, жолда жүру ережелерін білуге;
2. Ересектермен, кәрі жастағы адамдар мен кішкентай балаларға, мүгедектерге сыпайылықпен қарауға;
3. Мемлекеттік және қоғамдық мүлікке дұрыс қарауға;
4. Қоғамдық орындар мен көшелерде тазалық сақтауға;
5. Жолдастарын жағымсыз қылықтан сақтандыруға;
6. 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің ересектердің бақылауынсыз жүруіне жазғы уақытта сағат түнгі 23.00.-ге дейін рұқсат етіледі, ойын-сауық орындарында 22.00-ге дейін (Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 442-бабы).

Балалар мен жасөспірімдерге тыйым салынады:

1. Қоғамдық тәртіпті бұзатын көшедегі шерулерге қатысуға;
2. Көшеде, қалтарыстарда, гүлзарларда, жағажайларда және басқа да қоғамдық орындарда сауда жасауға, спиртті ішімдік ішуге, құмар ойындар ойнауға;
3. Көше, аула, подъезді және басқа да қоғамдық орындарды ластауға;
4. Газондар мен жасыл желектерді құртуға, үйлер мен подъездердің қабырғасын шимайлауға, сонымен қатар басқа да мемлекеттік және қоғамдық орындардың жертелелерінде, шатырларында, подъездерінде жиналуға;
5. Жолдың көлік жүретін жерінде коньки, шана, шаңғы тебуге, ойын ойнауға;
6. 14 жасқа жетпегендерге жол үстінде велосипедпен, ал 16 жастан кішілерге мопед, мотоциклмен жүруге рұқсат етілмейді;
7. Шомылуға тыйым салынған жерлерде – өзендерде, тоғандарда шомылуға;
8. Темір жолдың рельстеріне бөгде заттар қоюға.

5 БӨЛІМ

Білім беру ұйымдарындағы кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу Кеңесінің қызметін нормативті-құқықтық қамтамасыз ету

2002 жылдың 08 тамызындағы № 345-ІІ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы» Заңы (2014 жыл 29 желтоқсанында өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

4-бап. Балалардың тең құқылығы.

1. Тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие.

10-бап. Баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы

1. Әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар.

2. Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны тәнін және (немесе) жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөркілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден, баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан, және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады.

19-бап. Баланың демалуға және бос уақытын пайдалануға құқығы

1. Әрбір бала өзінің жасына, денсаулығына және қажеттеріне қарай демалуға және бос уақытын пайдалануға құқылы.

2. Ата-анасы немесе олардың орнындағы адамдар өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес баланың күтілуі мен жан-жақты дамуына қажетті өмірлік жағдайларды қамтамасыз етеді.

3. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балалардың сауықтыру, спорт, шығармашылық және бос уақытын пайдаланатын өзге де ұйымдарын, лагерьлер мен санаторийлерді құрады және оларды қолдап отырады.

4. Мемлекет балалардың демалуға, сауығуға және бос уақытын пайдалануға құқығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

5. Балалардың сауықтыру, спорт, шығармашылық және бос уақытты өткізетін өзге де ұйымдарында, лагерьлері мен санаторийлерінде құдайға құлшылық етуді, діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге, сондай-ақ діни ілімдерді таратуға бағытталған іс-әрекеттерге жол берілмейді.

35 бап. Бала және дін

1. Мемлекет баланың ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың діни дүниетанымына негізделген тәрбиеге араласпауға, білім беру, тәрбиелеу, емдеу ұйымдарының және өзге де сол сияқты мекемелердің шегінен тыс жерлерде баланың қатысуымен діни жоралардың жасалуына, аталған әрекеттер баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, оның құқығын бұзатын және жауапкершілігін шектейтін жағдайларды қоспағанда, кепілдік береді.

2. Кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты діни жоралар ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың келісімімен жасалады. Балаларды дінге тарту жөніндегі мәжбүрлеу шараларына жол берілмейді.

36 бап. Баланы әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғау

3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың немесе өзге де заңсыз әрекеттің салдарынан тән немесе жан жарақатын алған балаға денсаулығын қалпына келтіру және әлеуметтік бейімделу үшін қажетті көмек көрсетілуге тиіс.

4. Баланың заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз түнгі уақытта (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуына, сол сияқты онда жіберілуіне тыйым салынады.

5. Заңды өкілдері еріп жүрмеген баланың тұрғын жайынан тыс жерлерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуына тыйым салынады.

37-бап. Балаларды алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарының зиянды әсерлерінен қорғау

1. Баланың ата-анасы, басқа да заңды өкілдері, мемлекеттік органдар, сондай-ақ баланы тәрбиелеу мен оған білім беру функциясын жүзеге асыратын ұйымдар салауатты өмір салтын және алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарының зиянды екенін насихаттауға міндетті.

2. Балаға алкоголь өнімін, темекіні және темекі бұйымдарын сатуға тыйым салынады.

3. Алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарын өндіруде немесе сатуда бала еңбегін пайдалануға тыйым салынады.

4. Балалар тауарларын сататын сауда ұйымдарында және мәдениет мекемелерінде, сондай-ақ балаларға арналған іс-шараларды жүргізу кезінде шылым шегуге, темекі бұйымдарын сатуға тыйым салынады.

5. Денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыстардың, мәдени-демалыс ұйымдарының ғимараттарында және аумақтарында алкоголь өнімін сақтауға және өткізуге тыйым салынады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы (ҚР Президентінің 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 жарлығы) (2014 жылдың 05 тамызында өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)

19-16бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары олардың тарапынан жаңа құқық бұзушылық жасаудың алдын алу, сондай-ақ оларды жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою мақсатында кәмелетке толмағандардың құқықтық санасына және мінез-құлқына мақсатты түрде жүйелі әсер ету үшін қолданылады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары олардың тарапынан жаңа құқық бұзушылық жасаудың алдын алу, сондай-ақ оларды жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою мақсатында кәмелетке толмағандардың құқықтық санасына және мінез-құлқына мақсатты түрде жүйелі әсер ету үшін қолданылады.

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары:

1) профилактикалық әңгімелесу;

2) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралыұсыныс;

3) профилактикалық есепке алу және бақылау;

4) арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беруұйымдарына жіберу;

5) тәрбиелік ықпал ету шаралары;

6) қорғау нұсқамасы;

7) әкімшілік жаза қолдану;

8) сот үкімі бойынша қабылданатын шаралар болып табылады.

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары осы шаралар қолданылатын кәмелетке толмағандардың жеке ерекшеліктері және олар жасаған құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігінің сипаты мен деңгейі ескеріле отырып айқындалады.

4. Мүдделі адамдар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шараларын қолдану туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

5. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары Қазақстан Республикасының тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

6. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шараларын есепке алу орталық атқарушы органдар белгілеген тәртіппен олардың құзыреті шегінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі

12 бап 1 тарау. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ

10-бап. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

2. Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас

бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

3. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

15-бап. Қылмыстық жауаптылыққа жататын адамдар

1. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады.

2. Қылмыс жасаған уақытта он төрт жасқа толған адамдардың адам өлтіргені (99-бап), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені (106-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіргені (107-баптың екінші бөлігі), зорлағаны (120-бап), сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (121-бап), адам ұрлағаны (125-бап), халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға немесе ұйымдарға шабуыл жасағаны (173-бап), әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздырғаны (174-бап), Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қолсұғушылық (177-бап), Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қолсұғушылық (178-бап), диверсия (184-бап), ұрлық (188-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), тонау (191-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), қарақшылық (192-бап), қорқытып алушылық (194-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), ауырлататын мән-жайлар кезінде автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз заңсыз иеленіп алғаны (200-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), ауырлататын мән-жайлар кезінде бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені (202-баптың екінші және үшінші бөліктері), терроризм актісі (255-бап), терроризмді насихаттағаны немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақырғаны (256-бап), террористік топ құрғаны, оған басшылық еткені және оның әрекетіне қатысқаны (257-баптың бірінші және екінші бөліктері), террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландырғаны және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік (258-бап), адамды кепілге алғаны (261-бап), ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасағаны немесе оларды басып алғаны (269-бап), терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны (273-бап), қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқырғаны не қорқытып алғаны (291-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде бұзақылық жасағаны (293-баптың екінші және үшінші бөліктері), тағылық (294-бап), есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқырғаны не қорқытып алғаны (298-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде өлгендердің мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлағаны (314-баптың екінші бөлігі) және көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіргені (350-бап) үшін қылмыстық жауаптылыққа жатады.

6-бөлім. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

80-бап. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

1. Осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

81-бап. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері

1. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру болып табылады.

2. Кәмелетке толмағандарға белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.

3. Айыппұл кәмелетке толмаған сотталған адамның дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады. Айыппұл айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

4. Түзеу жұмыстары дербес табысы немесе өзге тұрақты кірісі бар кәмелетке толмағандарға айлық есептік көрсеткіштің оннан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде тағайындалады.

5. Қоғамдық жұмыстарға тарту қырық сағаттан бір жүз елу сағатқа дейінгі мерзімге тағайындалады, ол кәмелетке толмаған адамның қолынан келетін жұмыстарды орындауы болып табылады және ол оны оқудан немесе негізгі жұмысынан бос уақытында орындайды. Он алты жасқа дейінгі адамдардың бұл жаза түрін орындау ұзақтығы – күніне екі сағаттан, ал он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі адамдар үшін күніне үш сағаттан аспауы керек.

6. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығын шектеу – екі жылға дейінгі мерзімге, ал бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігін бас бостандығын шектеуге ауыстыру жағдайында жазаның қалған өтелмеген бөлігінің бүкіл мерзіміне тағайындалады.

7. Кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру – он жылдан аспайтын, ал ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша он екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін. Онша ауыр емес қылмыс немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

8. Кәмелетке толмаған сотталған адамдар бас бостандығынан айыруды:

- 1) бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған еркек жынысты кәмелетке

толмағандар, сондай-ақ әйел жынысты кәмелетке толмағандар – жалпы режимдегі тәрбиелеу колонияларында;

2) бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген еркек жынысты кәмелетке толмағандар – күшейтілген режимдегі тәрбиелеу колонияларында өтейді.

9. Іс-әрекеттің сипатына және қоғамға қауіптілік дәрежесіне, кінәлі адамның жеке басына және істің өзге де мән-жайларына қарай сот қабылданған шешімнің уәждерін көрсете отырып, еркек жынысты кәмелетке толмаған сотталған адамның бас бостандығынан айыруды жалпы режимдегі тәрбиелеу колониясында өтеуін тағайындауы мүмкін.

10. Сот жазаны орындаушы органға кәмелетке толмаған сотталған адаммен қарым-қатынас кезінде оның жеке басының белгілі бір ерекшеліктерін ескеру туралы нұсқау беруі мүмкін.

187-бап. Ұсақ-түйек жымқыру

1. Ұсақ-түйек жымқыру, яғни болмашы мөлшерде жасалған, бөтеннің мүлкін ұрлау, алаяқтық, иемденіп алу немесе талан-таражға салу, – бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған ұсақ-түйек жымқыру – бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

188-бап. Ұрлық

1. Ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

190-бап. Алаяқтық

1. Алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену – мүлкі тәркіленіп, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

191-бап. Тонау

1. Тонау, яғни бөтеннің мүлкін ашық жымқыру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

194-бап. Қорқытып алу

1. Қорқытып алушылық, яғни күш қолдану не бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жариялануы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді тарату қатерін төндіріп бөтеннің мүлкін немесе мүлікке құқықты беруді немесе мүліктік сипаттағы басқа да әрекеттер жасауды талап ету – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

198-бап. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу

1. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, сол сияқты авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын өткізу мақсатында иемдену, сақтау, алып өту немесе дайындау не авторлықты иемденіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу – бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

202-бап. Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру

1. Айтарлықтай залал келтіріп, бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

207-бап. Ақпараттық жүйенің немесе ақпараттық-коммуникациялық желінің жұмысын бұзу

1. Ақпараттық жүйенің немесе ақпараттық-коммуникациялық желінің жұмысын бұзуға бағытталған қасақана әрекеттер (әрекетсіздік) – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

255-бап. Терроризм актісі

1. Терроризм актісі, яғни жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де әрекеттер жасау, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған әрекеттерді дәл сол мақсаттарда жасау қатерін төндіру, – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

256-бап. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру

1. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру, сол сияқты көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату мақсатында дайындау, сақтау немесе тарату – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

272-бап. Жаппай тәртіпсіздік

1. Күш қолданумен, қиратумен, өртеумен, бұзумен, мүлікті жоюмен, атыс қаруын, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолданумен, сондай-ақ билік өкіліне қарулы қарсылық көрсетумен ұласқан жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастыру – төрт жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

293-бап. Бұзақылық

1. Бұзақылық, яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу – екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

294-бап. Тағылық

Тағылық, яғни ғимараттарды, өзге де құрылыстарды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекет қорғайтын табиғи объектілерді жазулармен немесе суреттермен немесе қоғамдық имандылықты қорлайтын өзге де әрекеттермен бүлдіру, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіру – үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

299-бап. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіру

1. Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіру – төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

316-бап. Жануарларға қатыгездік жасау

1. Жануарларға олардың өлуіне немесе мертігуіне әкеп соққан қатыгездік жасау, егер бұл іс-әрекет бұзақылық ниетпен немесе садистік әдістерді қолдана отырып немесе жас балалардың көз алдында жасалса, – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алпыс тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

**ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі
(14.01.2015 жасалған өзгертулер мен толықтыруларымен)**

442-бап. Жасөспірімдердің түнгі уақытта көңіл көтеру орындарында не үйден тыс жерде заңды өкілдерінсіз жүруі

1. Жасөспірімдердің түнгі уақытта сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін көңіл көтеру орындарында заңды өкілдерінсіз болса, заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

2. Жасөспірімдердің түнгі уақытта сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін үйден тыс жерде заңды өкілдерінсіз болса, заңды өкілдеріне ескерту жасалады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөлімінде қарастырылған әрекет, әкімшілік жазалаудан соң бір жыл ішінде қайталанған болса, заңды өкілдеріне он бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

Көңіл көтеру орындарының иелері де жауапкершілікте болады.

132-бап. Жасөспірімдердің түнгі уақытта көңіл көтеру орындарында болуына жол беру

1. Жасөспірімдердің түнгі уақытта (түнгі 22-ден таңғы 6-ға дейін) заңды өкілдерінің бірге болуынсыз жүруіне жол берген жеке тұлғаларға отыз айлық көлемде, кіші кәсіпкерлік не коммерциялық емес ұйым субъектілеріне қырық бес айлық көлемде, орта кәсіпкерлік субъектілеріне алпыс айлық көлемде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жүз айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

Оқыту және тәрбиелеу міндеттеріне сәйкес келмейтін ақпараттар тарататын ғаламтор желісінің ресурстарын оқушыларға қолжетімсіз ету мақсатында білім беру ұйымдарында жасауға ұсынылатын шаралар.

1. Ғаламтор желісі ресурстарымен жұмысты ғаламтор желісін қолдану ережелеріне сәйкес ұйымдастыру.

2. Білім беру мекемесінің директоры ғаламтор желісі ресурстарына қолжетімділік саясатын реттейтін комиссия құру туралы ішкі бұйрық шығарсын, ғаламтор желісі ресурстарына қолжетімділікті бақылау және жауапкершілікке алу бойынша жауапты адамдарды белгілесін (зертханашыны, инженерлерді, ақпараттандыру бойынша орынбасарды, ЖК-ні оқу мақсатында пайдаланатын оқытушыларды).

3. Комиссия мектептің ерекшеліктеріне сай, Ережеге сәйкес ғаламтор желісі ресурстарына қолжетімділік регламентін\саясатын жасасын (қараңыз: Білім беру мекемелерінде ғаламтор желісін пайдалану ережелері).

4. Оқыту және тәрбиелеу міндеттеріне сәйкес келмейтін ақпараттар тарататын Ғаламтор желісінің ресурстарын оқушыларына қолжетімсіз ету мақсатында білім беру ұйымдарындағы құжаттар тізімі сақталсын:

- Білім беру мекемесі ғаламтор желісі ресурстарына қол жетімділік регламентін\саясатын көрсететін құжат (Ережелер негізінде Білім бөлімінің комиссиясы дайындаған);

- комиссия мәжілісінің хаттамалары (жылына 2-ден кем емес);

- мектептің ерекшеліктеріне байланысты ғаламтор желісі ресурстарына қол жетімділік регламентімен оқытушылар құрамын таныстыру туралы хаттамасы;

- оқушылардың қолы қойылған техника қауіпсіздігі журналы (компьютерлік сыныптағы Техника қауіпсіздігі ережелеріне ғаламтор желісін қолдану процедурасы туралы пункт енгізу (қараңыз: п.3 Білім беру мекемелерінде ғаламтор желісін пайдалану ережелері));
- балалар мен жасөспірімдер арасында жағымсыз контенттерге кірудің алдын алу бойынша ата-аналар жиналысының хаттамалары;
- компьютер сыныбындағы жұмыс графиктері;
- тыйым салынған контентті есепке алу\тіркеу журналы.

Қажетсіз ғаламтор ресурстарын шектеуді бақылауды техникалық жабдықтау үшін қаржы іздестіру (мүмкіндігінше)

6-БӨЛІМ

Полицияның учаскелік инспекторы жұмысын ұйымдастыру

2015 жылғы 21 маусымдағы

«Білім беру мекемесіне бекітілген полицияның жасөспірімдер ісі жөніндегі учаскелік инспекторы жұмысын ұйымдастыру туралы ережелерді бекіту туралы» №372-бұйрық

Жасөспірімдер ісі жөніндегі бөлімшенің білім беру мекемелерінде білім алатын жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысын жетілдіру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Полицияның білім беру мекемелеріне бекітілген жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторы жұмысын ұйымдастыру туралы ұсынылған Ереже (бұдан әрі – Ереже) бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының Ішкі істер департаменті бастықтарына:

1) қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелері қызметкерлерінің, Полицияның білім беру мекемелеріне бекітілген жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторларының білімін бағалайтын жауынгерлік және қызметтік дайындық жүйесіндегі ішкі істер органдарының басқарушы және инспекторлық құрамының Ережені оқып-үйренуін ұйымдастыру;

2) Ереженің Қазақстан Республикасының жасөспірімдер желісіндегі ішкі істер органдарының жұмысын реттейтін заңдарына сәйкес Ережені ережедегідей дәлме-дәл және бірдей қолданылуын қамтамасыз етсін.

3. Бұйрық қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне жүктеледі.

**Ішкі істер министрінің м.а.
милиция генерал-майоры**

К. Касымов

«Келісілді»
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі

Б. Айтимова

« 23 » маусым 2005 ж.

Полицияның білім беру мекемелеріне бекітілген жасөспірімдер ісі жөніндегі учаскелік инспекторы жұмысын ұйымдастыру туралы

Ереже

Бұл Ереже полицияның білім беру мекемелеріне бекітілген жасөспірімдер ісі жөніндегі учаскелік инспекторы жұмысының құқықтық негіздерін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Полицияның білім беру мекемелеріне бекітілген жасөспірімдер ісі жөніндегі учаскелік инспекторларының (бұдан әрі – мектептің полициялық инспекторы) негізгі міндеттері болып табылады:

1) оқушылар арасындағы қылмыстың, құқық бұзушылықтың және бақылаусыздықтың алдын алу және жол бермеу, жасөспірім-құқық бұзушыларды, сонымен бірге заңға қарсы бағыт ұстанатын жасөспірімдер топтарын анықтау;

2) қылмыстық әрекетке барған, не қоғамға жат қылықтар жасаған жасөспірімдердің ата-анасын, не оларды алмастыратындарды, сонымен бірге оларды қылмысқа тартқан адамдарды анықтау;

3) ата-аналардың, не оларды алмастыратындардың, сонымен бірге баланы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес тәрбиелеу, бағып-қағу және оқытуға мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін арттыру;

4) білім беру ұйымы әкімшілігіне жалпы орта білім алудан әдейі қашып жүрген оқушыларды білім орнына қайтаруға арналған іс-шаралар өткізуге көмектесу;

5) жасөспірімдердің құқығына, мүддесі мен бостандығына қол сұғып жүрген адамдарды анықтау;

6) тұрғындарға, ата-аналарға және оқушыларға жасөспірімдер арасында қылмыстың, құқық бұзушылықтың, бақылаусыздықтың алдын алу мәселелері бойынша құқықтық көмек көрсету, жасөспірімдердің заңға бағынатын мінез-құлқын қалыптастыру;

7) өмірдің ауыр жағдайларында қалып қойған жасөспірімдерді әлеуметтік қалпына келтіруге көмек көрсету;

8) жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыс жасаудың алдын алу және болдырмау ісімен айналысатын басқа ішкі істер бөлімдерімен, мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасау.

2. Мектептің полициялық инспекторының жұмысын ұйымдастыру

2. Мектептің полициялық инспекторы облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Ішкі істер департаменттері (бұдан әрі - ПД) басшыларының бұйрығымен білім беру мекемелеріне бекітіледі. Мектептің полициялық инспекторының жоғары заңгерлік не педагогикалық білімі, ішкі істер органдарында істеген үш жылдан кем емес еңбек өтілі болуы керек.

Бекітілген кезде оқу орнындағы криминогендік жағдай ескеріледі. Мектептегі криминогендік жағдайға және оқушылар саны екі мыңнан артық емес болуына байланысты мектептің полициялық инспекторы екі білім беру ұйымына қатарынан бекітілуі мүмкін.

3. Мектептің полициялық инспекторы білім беру ұйымының ішкі істер органдарында есепте тұратын оқушыларымен алдын алу жұмыстарын есепте тұрған баланың тұрғылықты мекенжайы бойынша полицияның жасөспірімдер ісі жөніндегі учаскелік инспекторымен (бұдан әрі - полицияның жасөспірімдер ісі жөніндегі аймақтық учаскелік инспекторы) және бала оқитын білім беру ұйымының әкімшілігімен бірлесе жүргізеді.

4. Есепке алынған баланы бақылау ісін не картотекалық есепті полицияның жасөспірімдер ісі жөніндегі аймақтық учаскелік инспекторы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 17 шілдедегі №400 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарында жасөспірімдер ісі жөніндегі полициялық учаскелік инспекторының жұмысын ұйымдастыру туралы» Ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 18.08.2000жылғы №1224 болып тіркелген бұйрығына сәйкес жүргізеді (Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 1 қарашадағы №603-бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

5. Мектептің полициялық инспекторы ай сайын полицияның жасөспірімдер ісі жөніндегі аймақтық учаскелік инспекторына есепке алынған баланың білім беру ұйымындағы мінез-құлқы туралы ақпарат беріп отырады, ақпараттың көшірмесі білім беру ұйымындағы бақылау ісіне тіркеледі.

6. Мектептің полициялық инспекторы әлеуметтік педагогпен бірге мына тұлғаларды тізімдік есепке алып отырады:

1) мектепшілік есепте тұрған жасөспірімдерді;

2) тұрмысы төмен отбасынан шыққан жасөспірімдерді.

7. Мектептің полициялық инспекторы білім беру ұйымы әкімшілігімен әрбір оқу тоқсанына жасалып (жоспар мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірге жасалады), мектеп директоры және қоғамдық қауіпсіздік полициясы жетекшісі бекіткен, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының (бұдан әрі – қала/аудан органдары) жасөспірімдер ісі жөніндегі бөлімінің басшылығымен келісілген жоспар негізінде бірлескен әрекетті іске асырады.

8. Әр тоқсанда жоспар бойынша мектептің полициялық инспекторының мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен, әлеуметтік педагогпен бірлесе жүргізген жұмысының нәтижесі туралы анықтама жасалады.

9. Мектептің полициялық инспекторы білім беру ұйымында болуы керек. Мектептің полициялық инспекторы каникул кезінде білім беру ұйымында болуын жалғастыра береді, қажет болған жағдайда мектеп жанындағы балалар лагерінде жұмыс істейді. Каникул кезінде білім беру ұйымы оқытушыларымен бірге мектепте оқушылармен викториналар, құқықтық білім күндерін өткізеді, спорттық іс-шаралар ұйымдастырады. Жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға, оларды жұмысқа орналастыруға атсалысады. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен бақылаусыздықтың алдын алуға бағытталған жұмыстарға, рейдтік іс-шараларға қатысады.

10. Мектептің полициялық инспекторын оның құзырына тән емес жұмыстарды орындату үшін пайдалануға тыйым салынады.

3. Білім беру мекемесі әкімшілігімен өзара бірлескен жұмысты ұйымдастыру

11. Мектептің полициялық инспекторының білім беру ұйымы әкімшілігімен бірлескен жұмысы оқушылардың заңға қайшы не қоғамға жат мінез-құлықтарының себептері мен шарттарын зерттеуге бағытталған іс-шараларды дайындау мен жүзеге асыруды және оларды таратпауға арналған шараларды қамтитын жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша бірлескен жоспар негізінде құрылады.

12. Бірлескен жұмыстың негізгі формалары:

1) құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша мектепшілік комиссия құрамында қатысу;

2) білім беру ұйымында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға және болдырмауға арналған іс-шараларды орындауды тікелей ұйымдастыру және жеке қатысу;

3) жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша білім беру ұйымы әкімшілігімен бірлескен іс-шараны бірлесе жоспарлау, олардың орындалуына бақылау жасау;

4) құқықтық тәрбиені бірлесе ұйымдастыру, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы пікір білдіру;

5) ұзақ уақыт бойы дәлелсіз себептермен білім беру ұйымына сабаққа келмеген балалар мен жасөспірімдерді анықтауға арналған рейд өткізуге қатысу, олардың сабақтан қашу себебін анықтау және олардың ата-аналарына, не оларды алмастыратын адамдарға әсер ету жұмыстарын жүргізу, не тұрмысы төмен отбасыларға әлеуметтік педагогтер және Жасөспірімдер ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия арқылы материалдық көмек көрсету;

6) тұрмысы төмен және аз қамтылған отбасылардың тұрмыстық жағдайын, сонымен бірге мектепшілік есепте тұрған жасөспірімдерді зерттеу;

7) ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған жасөспірімдерді анықтау, оларға Жасөспірімдер ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия арқылы тұрмыстық жағдайын жақсартуға көмек көрсету;

8) сабақтан әдейі қашып жүрген, қылмыс жасаған жасөспірімдердің материалдарын қылмыстық жауапкершілікке тартылу жасына жеткенге дейін сотқа немесе Жасөспірімдер ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияға апаруға дайындау;

9) ата-аналарының не оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған жасөспірімдерді қамқоршылық және қорғау органдарына орналастыру үшін материалдар дайындау;

10) оқушылардың мектептен тыс бос уақытын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

11) өз балаларына тәрбие беру, бағып-қағу және оқыту міндетін орындамайтын, не тиісті деңгейде орындамайтын ата-аналарға, не оларды алмастыратын адамдарға материалдар жинау және Жасөспірімдер ісі және

олардың құқықтарын қорғау комиссиясына оларды ата-аналық құқығынан айыру немесе шектеу үшін сотқа ұсыныс дайындау үшін жіберу;

12) Білім беру ұйымдарында көшпелі соттын, Жасөспірімдер ісі және олардың құқықтарын қорғау комиссиясының мәжілістерін өткізуге көмек көрсету;

13) жасөспірімдер қылмысы, нашақорлық пен маскүнемдік, жасөспірімдер арасындағы бақылаусыздық пен панасыздық мәселелері бойынша семинар-мәжілістер, конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және қатысу.

4. Білім беру ұйымдары оқушылары арасында маскүнемдікке,

нашақорлыққа, токсикоманияға қарсы тұру жұмыстарын ұйымдастыру

13. Мектептің полициялық инспекторы: жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, жүйелі түрде спирттік ішімдік ішудің, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды қолданудың алдын алу мақсатында төмендегідей іс-шараларды іске асырады:

1) құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу рейдтері мен іс-шараларын өткізуге қатысады, спирттік ішімдіктер және басқа психоактивтік заттар қолданатын жасөспірімдерді анықтайды, әлеуметтік педагогтермен, сынып жетекшілерімен, денсаулық сақтау қызметкерлерімен бірлесе отырып, тұрмысы төмен отбасыларға, «қауіп тобындағы» отбасыларға барады;

2) есірткі заттарын, психотроптық не есеңгірететін заттарды медициналық емес мақсатта пайдаланатын жасөспірімдерді, көрсетілген құралдарды және заттарды білім беру ұйымдарында және оның айналасында өткізуі және қолдануы мүмкін жерлерді анықтайды;

3) ата-аналарының тарапынан және жасөспірімдерді есірткі құралдарын, басқа естен тандыруға апарып соғатын әсері күшті заттарды қолдануға тартатын басқа да ересектердің тарапынан жасөспірімдерге тиетін кері әсердің жолын кесетін шаралар қолданады;

4) қалалық, аудандық органдардың наркобизнеспен күрес және есірткі айналымын бақылау қызметкерлерімен білім беру ұйымы оқушылары арасында нашақорлық пен токсикомания мәселелері бойынша алдын алу жұмыстарын бірлесе атқарады;

5) спирттік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық және басқа естен тандыратын заттарды қолданатын жасөспірімдерді анықтау үшін білім беру ұйымы оқушыларын денсаулық сақтау органдарына тексеруге бағыттайды;

б) полицияның жасөспірімдер ісі жөніндегі аймақтық учаскелік инспекторымен, қалалық, аудандық органдардың наркобизнеспен күрес және есірткі айналымын бақылау қызметкерлерімен, сонымен бірге есірткі, не басқа қатты әсер ететін, естен тандыратын заттарды медициналық емес мақсатта қолдануға жол беретін жасөспірімдерді алдын ала есепке алатын денсаулық сақтау органдарымен бірге салыстырып тексереді;

7) Есеңгіретіп тастайтын спиртті ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық немесе басқа заттарды қолдануды алдын алу ескерту бойынша конференция, дәріс, дөңгелек үстел өткізеді, білім беру ұйымдарындағы оқушылар арасында түсіндіру жұмысын жүргізеді, олардың есірткі және басқа

психобелсенді заттарды қолдану зардабы туралы білімдерін анықтау мақсатында зерттеу, сауалнама өткізеді;

8) Білім беру ұйымдарының оқушылар арасында нашақорлық пен токсикоманияны таратушылық пен күресуге бағытталған қоғамдық жастар ұйымдарының іс-әрекетін құру және ұйымдастыру бойынша жұмысын жүргізеді;

9) Нашақорлықпен күресу халықаралық күніне арналған акцияларын өткізуге қатысады, есірткіге қарсы күресу тақырыбына көркем шығармаларының байқауларын, спорт жарыстарын, деректі, ғылыми-танымал және көркем фильмдерінің көрсетілуін, ең жақсы сурет, шығарма, оқушылар арасында плакат байқауларын ұйымдастырады;

5. Мектептегі полиция инспекторы жұмысының нысаны мен әдістемесі

14. Мектептегі полиция инспекторы мектепшілік бақылауда тұрған әр оқушымен келесі жұмысты жүргізеді:

1) жасөспірімнің қанағаттанғысыз мінез-құлқының себебін анықтайды және оның тарабынан қоғамға қарсы әрекеттің жасауын болдырмау мақсатында онымен алдын алу ескерту әңгімесін жүргізеді;

2) жасөспірімге зиян келтіретін ата-аналарының, тұлғалардың қоғамдыққа қарсы мінез-құлқының болғанын анықтап, кәмелет жасына толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау бойынша комиссиясына қарауға осы мәселе бойынша материалдарды дайындайды;

3) мектеп оқытушыларымен, әлеуметтік педагогімен, әкімшілігімен бірге мінез-құлқы девиантты жасөспірімге жеке әсер ететін іс-шараларды анықтайды;

4) Мектепшілік есепке алынған тұлғалардың тізімдік есепке алуын жүргізеді, оларды үздіксіз бақылауға алады, осы немесе басқа жасөспірімнің мінез-құлқында жағымсыз өзгерістер беталысы туралы ата-аналар мен оқытушыларға ескертеді.

15. Мектеп полиция инспекторында қызметтік жайы, кабинеті болуы керек, оны білім беру ұйымы береді, кабинеттің есігінде қызметкер туралы мәліметімен, қызметкердің тікелей басшыларының телефонымен табличка болуы керек.

Мектеп полиция инспекторының кабинетінде болуы керек:

Білім беру ұйымының жасөспірімдерімен жасалған құқық бұзушылық туралы мәліметтерімен ақпараттық-құқықтық қабырға стенді, Қазақстан Республикасының қылмыстық Кодексінің баптары (кәмелет жасына толмағандарға қатысты бірқатар баптары бойынша қылмыстық жауапкершілік қай жастан басталатыны), салауатты өмір сүруді насихаттау бойынша ақпарат (нашақорлықты, алкогольизмді, темекіні тартудың алдын алу ескерту).

16. Мектеп полиция инспекторының кітапханасында кәмелет жасына толмағандардың істері бойынша бөлімшенің қызметін белгілейтін әдебиет, әдістемелік ұсыныстар, плакаттар, брошюралар, сондай-ақ салауатты өмір сүруді насихаттау, нашақорлықтың алдын алу, ескерту бойынша буклеттер болуы керек.

6. Мектептің полиция инспекторы құжаттамасының тізбесі

17. Мектепшілік есепте тұрған девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер мен балалар туралы ақпарат: сауалнама, мінездеме, тестілеудің нәтижесі, педагог-психологтың ұсынысы, қорытындысы, мектеп дәрігерінің ұсынысы, кәмелет жасына толмағандардың тұрғын-тұрмыстық жағдайының тексеру актісі,

отбасының мінездемесі, үлгерімі мен мектеп сабақтарына баруының есепке алуы, бос уақытының ұйымдастырылуы, жасөспірімнің мектептен тыс қызметі.

18. Мектеп полиция инспектор жұмысының жоспары, Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Кеңес жұмысының жоспары, жеке –тәрбие жұмысының есепке алуы, ата-аналармен жұмыс.

19. Кәмелет жасына толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау бойынша комиссиясымен бірігіп жұмыс істеу, ауданның қоғамдық ұйымдарымен (жоспарлар, хаттар, актілер, қолдау хаттар, жауаптар). Демалыс уақытында мектепшілік есепте тұрған жасөспірімдер мен балалардың қол бос болмаушылығын есепке алу.

20. Мектептің полиция инспекторы оған бекітілген білім беру ұйымына бақылау ісін бастайды, онда көрсетілген ақпарат жинақталады.

Әр бақылау ісі 2 бөлімнен тұру керек.

Бірінші бөлімінде келесі мәліметтер көрсетіледі: оқушылардың саны, сынып бойынша оқушылардың тізімі, үй мекен-жайы және ата-аналар немесе олардың орнындағы тұлғалар туралы мәліметтер, жағдайы нашар отбасылардың тізімі, мінез-құлқы девиантты оқушылардың тізімі, сонымен қатар оқудан бас тартатын оқушылардың тізімі, мемлекеттік ұйымдарының, қоғамдық және үкіметтік емес бірлестіктерінің, жасөспірімдер қылмысының алдын алу, ескертумен айналасатын ұйымдарының тізімдері, басшылар туралы мәліметтер, телефондары, оқушылар арасындағы қылмыс, құқық бұзушылық, қараусыз және панасыздық туралы статистикалық мәліметтер, білім беру ұйымдарына бекітілген аумақтарында орналасқан кафе, бар, мейрамхана, базар, дискотек, компьютерлік клубтарының тізімдері, олардың басшылары туралы мекен-жайларының, телефондарының көрсетілуімен мәліметтер.

Екінші бөлімінде мектепшілік есепте тұрған және кәмелет жасына толмағандардың істері бойынша бөлімшелерінде есепке алуда тұрған мінез-құлқы девиантты оқушылардың өмір сүру жағдайы мен байланысы, жағдайы нашар отбасылар туралы мәліметтер, алдын алу Кеңес отырысының материалдары, мектеп инспекторы мен мектеп әкімшілігінің бірігіп жүргізген жұмысының жоспары, сонымен қатар жүргізілген жұмысы туралы нақты нәтижесімен анықтамасы көрсетіледі.

21. Мектеп полиция инспекторы ішкі істер органдарының кәмелет жасына толмағандардың істері бойынша учаскелік полиция инспекторының функционалдық міндеттерін толық көлемінде орындайды және байқайтын істерін жүргізу және есепке алудағы тұлғалардың картотекалық есепке алуын дербес орындайды.

7. Полициялық мектеп инспекторларының қызмет нәтижелері туралы есебі

22. «Полициялық мектеп инспекторларының қызмет нәтижелері туралы есеп» жартыжылдық бойынша , оныншы шілде мен қаңтар айларында жылдық қорытынды сандық көрсеткіштерімен бірге баяндау хаттары ҚР-ның ІІМ-нің қоғамдық қауіпсіздік Департаментіне тапсырылады.

8. Полициялық мектеп инспекторларымен заңдардың орындауын қадағалау

23. Полициялық мектеп инспекторларының қызметінде Заңдардың нақты және бірыңғай орындалуын, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қараусыз қалмауын ескерту мен балалардың үйсіздігін алдын алу бойынша заңдардың орындауларын қадағалауды прокуратура органдары жүргізеді.

Глоссарий

құқық бұзушылықтың алдын алу – құқық бұзудың алдын алатын субъектімен іске асырылатын, құқық бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды білу, зерттеу, жолдары арқылы қалпына келтіру, құқық тәртібін сақтау және нығайтуға бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастыру шаралары;

құқықтық тәрбие – азаматтардың заңды сақтау мінезін және әділдік сезімін, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білімдік, ақпараттық және ұйымдастырушылық мәні бар шаралар кешені;

алдын ала білім беру – бұл қандай да бір жағдайда не істеу керектігін балаға үйрету және бұл тәртіпті алдын ала іспен көрсету;

әлеуметтік бейімдеу – жеке тұлғаны қоғамда мінез-құлық ережелері мен нормаларын қолдануға және сақтауға қалыптастыруға бағытталған, құқық бұзудың алдын алатын субъектімен іске асырылатын кешенді шара;

әлеуметтік оңалту – бейәлеуметтік тұлғаға құқықтық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық көмек көрсету, сонымен қатар психологиялық және (немесе) моральдық жаракаттар үрдісін еңсеруге бағытталған, субъектімен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іске асырылатын кешенді шара;

жақсы мінез-құлықты болуы – ҚР –ның заңдарының құқық нормаларына сәйкес адамның, азаматтың құқығын, еркіндігін және қоғам мен мемлекеттің мүддесін бұзуға жол бермейтін тұлғаның саналы мінез-құлқы;

құқық бұзудың алдын алушы субъектілер - құқық бұзушылықтың алдын алуды іске асыратын мемлекеттік органдар, жергілікті басқару органдары, ұйымдар мен ҚР-ның азаматтары;

тұрмысы нашар отбасы – кәмелетке толмағандарды ата-аналары немесе заңды өкілдері оларды тәрбиелеуде, оқытуда, қамтамасыз етуде өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың тәртібіне теріс ықпал ететін отбасы;

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1. Камалова Л. Борисова Н. Гарифуллина Г. Қоғамдық - белсенді тұлғаны тәрбиелеудегі мектептің ролі немесе тағы да КТД туралы // Мектептегі тәрбие жұмысы (директордың тәрбие жөніндегі орынбасарының тәрбие жұмысы туралы іскерлік журналы). 2013 №3. 115-132 беттер.
2. Қожахметова К.Ж., Демеуова М.Е. «Қазақстан мектептерінің тәрбие жүйесі» А., 2006
3. Колесова Ш.В., Шаталина Н.М. Жалпы білім беру мекемелерінде сапаны бағалау мониторинг бағдарламасы //Қазіргі мектепті басқару. ОТЖ орынбасары (Мектеп әкімшілігіне арналған ғылыми-тәжірибелік журнал). 2013, №1. 39-62 беттер.
4. Коляева М.В., Канищева Г.Н., Куликова Л.Г. Әдістемелік құрал «Отбасын нығайту бағдарламасы» Шымкент., 2007
5. Мыңбаева А.К., Садуақасова З.М. Жаңаша оқыту әдістері немесе қалай қызықты сабақ жүргізу керек. А., 2009
6. Сергеева В.П. Қазіргі мектептегі сынып жетекші. М., 2000
7. Панфилова М.А. Қарым-қатынастың ойын терапиясы, Тесттер, түзету ойындары: психологтар, педагогтар және ата-аналарға арналған тәжірибелік құрал. М., 2013
8. Созонов В.П. Сыныпта тәрбие жұмысын ұйымдастыру. Сынып жетекшісіне арналған әдістемелік құрал. М., 2000
9. Фридман В.Я. Лекторлық шеберлікке оқытудың белсенді әдістері: семинарлар, практикумдар, іскерлік ойындар. М., 1989

10. Щуркова Н.Е. Сынып жетекшілік: теория, әдістеме, технология. М., 2000

Қолданылған қысқартулар тізімі:

МІЕ – мектепшілік есеп;

ББ-білім беру бөлімі;

КТІ және ҚҚК- кәмететке толмағандар ісі және құқық қорғау комиссиясы;

ПО- ішкі істер органы;

ТҮ және ТЖ-тұрғын үй және тұрмыстық жағдай;

АНТ-ақпараттық-насихаттау тобы;

2015 жылдың «22» сәуірінде
Қазақстан Республикасының
ғылым және білім Министрлігінің
№227 бұйрығымен бекітілген

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру аясында қазақстандық қоғамдағы заманауи әлеуметтік-мәдени трансформация ескеріле отырып әзірленді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

«Мәңгілік елдің» жалпыұлттық құндылықтары
Общенациональные ценности «Мәңгілік ел»

Қазақстан тәуелсіздігі және Астана	Независимость Казахстана и Астана	Independence of Kazakhstan and Astana
Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің жалпы әлемдік және аймақтық мәселелерді шешуге жаһандық қатысуы	Национальная безопасность и глобальное участие страны в решении общемировых и региональных проблем	National Security and Global Participation of the country in the solution of global and local problems
Инновацияларды индустриализациялау негізіндегі экономикалық даму	Экономический рост на основе индустриализации инноваций	Economic Growth on the basis of industrialization of innovations
Тіл мен мәдениет, тарихтың ортақтығы	Общность истории, культуры и языка	Generality of History, Culture and Language
Зайырлы қоғам және рухани байлық	Светское общество и высокая духовность	Secular Society and High Spirituality
Құрмет	важение	Respect
Ынтымақтастық	Сотрудничество	Collaboration
Көпшілдік	Открытость	Openness
Жауапкершілік	Ответственность	Responsibility
Өмір бойы білім алу	Обучение на протяжении всей жизни	Lifelong learning
Ашықтық	Прозрачность	Transparency
Академиялық адалдық	Академическая честность	Academic Honesty
Азаматтық жауапкершілік	Гражданская ответственность	Civil responsibility
Адалдық	Честность	Honesty

***«Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы»
КМҚК Қосымша білім беру және ұйымдастырушылық - тәрбие
инициативаларын дамыту бөлімі***

Мекенжайымыз: Қарағанды қ, С.Сейфуллин көшесі 8/2

Байланыс телефоны: 8 (7212) 50-61-16

Сайт: umckrg.gov.kz

Электронды почта: umc_ro_karaganda@mail.ru